



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№37
(19520)
8 наурыз,
бейсенбі
2018 жыл
www.syrboyi.kz

Ардақты аналар, қадірлі қыз-келіншектер!

Сіздерді көктемнің шұғылалы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қашан да және қай дамыған мемлекетте болмасын әйел-Анаға деген құрмет ерекше. Ал, қазақ халқы ықылым заманнан анасын – қорғаным, әпкесін – ес тұтар айбыным, қарындасын – қадірім, қызын ар мен ұяттың үлгісі деп білген. «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деп қадірлеген. Осылайша, халқымыз қыз-келіншектердің үйдегі де, қоғамдағы да орнын айшықтаған, ең қасиетті ұғымдарды Анаға балаған. Сондықтан біз Отан-Анамызды, Ана тілімізді және Жер-Анамызды ерекше қастерлейміз, құрметтейміз.

Қазіргі таңда әйелдердің Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы үлесі зор. Әсіресе, әрбір адамға етене жақын білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, мәдениет салаларындағы олардың еңбегінің орны бөлек. Ең бастысы, әйел адам қай салада қызмет етпесін, сол саланы өркендетіп, дамытуға айрықша үлес қосып, көпшіліктің ыстық ықыласы мен ілтипатына бөленіп жүреді.

Қымбатты Аналар, арулар! Ұлтты ұйыстырып, ел Тәуелсіздігін нығайту жолында отбасы мен қоғам жүзін қайыспай көтеріп жүрген Сіздердің бұл еңбектеріңіз әрдайым құрметке лайық.

Бүгінгідей мерейлі мерекеде Сіздерге зор денсаулық, шаңы-рақтарыңызға шаттық, береке-бірлік тілеймін!

Құрметпен,
Қызылорда облысының әкімі
Қ.КӨШЕРБАЕВ

8 Наурыз құтты болсын!



САЛТАНАТ

Халықаралық әйелдер күні Сыр өңірінде сән-салтанатымен аталып өтті. Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында ұйымдастырылған мерекелік шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.



АНАЛАРҒА АҚ ТІЛЕК

Бүгінде әйелдер тек отбасының ұйытқысы, тыныштықтың шырақшасы ғана емес, қоғамдық-саяси өмірде де белсенді. Әйел – көсіпкер, әйел – саясаткер, әйел – қайраткер деген ұғымдар санамызға сіңіп үлгерді. Қазақстандық қыз-келіншектер билік пен бизнеске де, ғылым мен мәдениетке де ерекше қабілеттерімен танылып жүр.

Салтанатты шарада отбасында да, кәсіпте де табысқа кенеліп, құрметке бөленіп жүрген әйел-аналарды облыстық мәсихат хатшысы Наурызбай Байқадамов құттықтап, олардың еңбегіне алғыс білдірді.

Қазіргі күні облыстық басқармалардың ең негізгі әрі жауапты 5-ін әйелдер басқарды. Мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны 3570 болса, оның 46%-і – қыз-келіншектер. Өңірдегі көпбалалы 44 мыңнан астам ананың 27 мыңнан астамы – Батыр аналар, – деді Н.Байқадамов.

Сыр елі Елбасының рухани жаңғыру идеясының алғашқы қадамын әйел-анаға

құрмет көрсетуден бастады. Өткен жылдың желтоқсанында Қызылорда қаласының Бегім ана көшесінде «Ана бақыты» ескерткіші және аналар аллеясы ашылды. Ендігі кезекте облыс орталығында жүзеге асырылған игі іс барлық елді мекенде жалғасуы тиіс.

Тіршіліктің тірегі, отбасының берекесі, барша адамзаттың тәрбиешісі – қыз-келіншектердің құрметіне ән мен жырдан шашу шашылды. Мәдениет және білім беру ісінің үздіктерінен құралған әкелер тобы, «Бастаңғы» әжелер ансамблі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рамазан Тайманов, әнші Игорь Благодарный, «Томарис» би тобы, «Сырдария» квартеті, қалалық оқушылар сарайының ер балалар хоры әзірлеген концертті көпшілік ерекше көңіл-күймен тамашалады.

Назерке САПИЯЗОВА,
«Сыр бойы».



АНАЛАРДЫҢ АНАСЫ

Міне, қыстың көбесі сөгіліп, күнгейлі көктем де келді. Адамдар жаңа үміт, жарқын күндерге сенімді. Еңбек Ері Шырынқұл Қазанбаева ғасырға таяу жасаған қайсар жан. Қылы заманның куәгері мына жарқын уақытқа шүкіршілік айтады. Ұрпақтарына ұлағатын үлестіріп, дархан даламыздай халқымыздың мұнан да керім жетістіктерге кенелеріне тілек тілеп, жастарға бата беріп отырады.



ТОҚСАН СЕГІЗІНШІ КӨКТЕМНІҢ КЕЛБЕТІ

– Бүгінгі Н.Бекежанов атындағы ауыл өткен ғасырдың басында «Атбайлар» деп аталатын. Бала кезінде өзіміз де көрдік, ауылдың түстік беткейі қалың жоңышқа әрі қарай шабындық болатын-ды. Осы ауылда туып, өсіп-өндік. Атақоныстың бар тарихы көз алдымызда, – дейді Шырынқұл ана.

Иә, дала академия екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Ыбырай Жақаевтың ізбасары Шырынқұл Қазанбаева «жазулы тұрған хатпен тең» шежіре кісі. Сағаттап отыратын алқалы жиын-тойларда шаршаған сынай көрсетпейді-ау, елге деген жанашырлық түсінігін, кесіп-кесіп сөйлейтін кісілігін, ер-азаматқа пара-пар ірілігін айтсаңызшы!

Аяулы да, ардақты елбасы Шырынқұл Қазанбаева – біздің мақтанышымыз. Өршіл рухы мен қажыр-қайратын қоғам

дамуына, көптің ортақ ісіне арнаған Еңбек Ері жасым келді деп қарттықтың жетегіне еріп, жер тірейтін емес. Қайта еліміздің Тәуелсіздігіне тәу етіп, жігер-күшімен бекемдене түскен секілді.

– Өмірге адам болып келген соң, азаматтығыңды танытатын, адамгершілігіңді айшықтайтын ақ-адал іспен айналыс. Боркемік жігіттерге, бойкүйіз қыздарға айтарым, жан-жағына қара, сілкін! Данышпан Абай ағамыз айтпақшы, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», дер едім. Еліміздің егемендігінің арқасында білім алуға да, еңбек етуге де жарқын жол ашылды емес пе?! Көзінді ашып қарасаң, сан тарау соқпақты көресің, тізең дірілдемей, қолың былғанбай әрі қарай қалам бассаң, алдың даңғыл, – дейді Батыр Ана.

2-бет

АКТИВ

ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУДЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЫ

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінен туындайтын міндеттерді саралаған облыстық актив жиыны өтті.

Елбасы Парламент палаталарының бірлескен отырысында бес бастамадан тұратын үндеуін жариялаған болатын. Аймақ басшысы оның дамуың ұзақмерзімді ұлттық бағдарламасы – 2017 жылғы конституциялық реформаның, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының, экономиканы цифрландыру жөніндегі бағдарламаның қисынды жалғасы екенін атап өтті. Сондай-ақ, облыс басшысы үндеуде көтерілген мәселелерге кеңінен тоқталып, олардың өңірімізде орындалу барысын жеткізді.

Қазақстан Президенті көтерген негізгі бастаманың бірі «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы Президент бағдарламасы. Онда баспана алудың жаңа мүмкіндіктері қарастырылған. Сондай-ақ, несие өсімінің мөлшерлемесін жылына 7 проценттен асырмау, бастапқы жарнаны 20 процентке азайту, несие мерзімін 25 жылға дейін ұлғайту көзделген.

Облыс әкімі осы мақсатта 3 жылға арналған «Орда» тұрғын үй

құрылысы жол картасы әзірленгенін айтты.

– Несептік тұрғын үйдің көпбалалы отбасылар, мүгедектер мен тұрғындардың аз қамтылған топтарының барлығына бірдей қолжетімді еместігін ескеріп, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынып жатқан несептік тұрғын үйлерді жергілікті бюджет есебінен сатып алуға жыл сайын облыстық бюджеттен 2 млрд теңгеден қаржы бөлу туралы шешім қабылданды. Оларды тұрғындарға кейін өтеу құқығымен алғашқы төлемсіз ай сайынғы жалға алу құны шартымен беретін боламыз. Осылайша, «Орда» тұрғын үй бағдарламасы Президент бастамасының қисынды жалғасы болмақ, – деді аймақ басшысы. Сондай-ақ, облыс әкімі бастапқы жарна ретінде есепшотында 20% қаржысы жинақталған несие алушылардың санын анықтау үшін салымшыларға талдау жасауды тапсырды.

4-бет

ТЕЛЕКӨПІР



БЕС БАСТАМА – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Qazaqstan» ұлттық арнасында «Президенттің әлеуметтік бес бастамасы» атты халыққа үндеуіне байланысты республикалық телекөпір өтті. Оған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бекмырза Еламанов, «Нұр Отан» партиясының хатшысы Тамара Дүйсенова, «Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысы кеңесінің төрағасы Мұхтар Манкеев, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов қатысып, пайымды пікірлері мен орамды ойын ортаға салды. Телекөпір барысында аймақтармен де тікелей байланыс орнатылып, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев 5 бастаманы жүзеге асырудың негізгі бағыттары туралы баяндады. Биыл өңірде «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» екеніне тоқталып, шағын несиеінің мүмкіндіктері жайлы тарқатып айтты.

– 2018 жыл – өңірімізде жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы. Осыған байланысты бірқатар тың бастамалар қолға алынып, жүйелі жұмыстар жалғасын табады. Біз неге кәсіпкерлікті дамытуға басымдық беріп отырмыз? Біріншіден, бізде 90 мыңнан астам өзін-өзі өнімсіз еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындарды жұмыспен қамту міндеті тұр. Олардың басым көпшілігі ірі өндірісті дамытуға мүмкіндік бола бермейтін ауылдық жерлерде тұрады. Ал жаңа жұмыс орындары негізінен шағын және орта кәсіпкерлікпен қамтамасыз етіледі. Тек соңғы жарты жылда өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтыған 16 мың адамды жұмысқа орналастыруға қол жеткіздік, – деді аймақ басшысы.

4-бет

КӘСІП ПЕН НӘСІП

ТАЛАПТЫНЫҢ ЕҢСЕСІН ЕҢБЕК КӨТЕРЕДІ

Қазаққа «қолы қимылдағанның, аузы қимылдайды» деген бар. Ол рас. Қазіргі таңда аудан орталығында кәсіптің көзін тауып, тындырымды тірлік етіп отырған отбасылар жетерлік. Бірі несие алып, несібесін тапса, енді бірі там-тұмдап жиған теңгесіне кәсібін бастауда. Нарықтық заманның көшіне ілігу бүгінгі күннің басты талабы. Іліккен күннің өзінде бәсекеге қабілетті болу шарты тағы бар. Жалпы белсенді әрекет ететін шағын және орта бизнес субъектілері тұрғысынан Жаңақорған өңірі ілгері келеді. Ал осы кәсіпкерліктің жас таламамайтынын жаңақорғандық қария тағы бір мәрте дәлелдеді.

5-бет



МЕЙІРІМ СӘУЛЕСІ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аяулы аналарды Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады. Шараға өкірдің әр саласында табысты еңбек етіп жүрген нәзік жандылар, көпбалалы аналар, Социалистік Еңбек Ері Сәлима Жұмабекова мен осы күндері 85 жасқа толып отырған еңбек ардагері Алма Ақдәулетова қатысты. Аймақ басшысы мерекемен тұспа-тұс келген мерейтой иесін құттықтап, сый-құрмет көрсетті, облыстың Құрмет грамотасын тапсырды.

– Сіздерді көктемнің шуақты мере-кесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әлемдегі барлық жақсылық анадан тарайтындықтан, Сіздерге деген ыстық ықыласымыз еш толастамайды. Әрдайым отбасыларыңызға амандық, деңдеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс пен береке тілеймін, – деген өңір басшысы аймақтағы маңызды салалардың басы-қасында қыз-келіншектердің жүргенін айрықша атап өтті.

Салтанатты жиынға қатысушылар өз кезектерінде алғыстарын айтып, өңірдің өркендеуінде алдағы уақытта үлес қосатындықтарын жеткізді. Елге тілекші болған ақ жаулықты

аналар атынан Социалистік Еңбек Ері Сәлима Жұмабекова елдегі берекелі істерге ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.

Шарада мүмкіндігі шектеулі жандар да назардан тыс қалмады. Мерекедегі мейірім сәулесіне бөленген жаныңң бірі Диана Смағұлова да өздеріне қолайлы жағдай жасаған облыс басшысына риясыз көңілін білдіріп, әннен пашу шашты.

Жақсы көңіл күйі сыйлаған басқосу соңында әйел-аналардың барлығына гүл шоқтары мен сыйлықтар табыс-талды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, “Сыр бойы”.



1-бет

ТОҚСАН СЕГІЗІНШІ КӨКТЕМНІҢ КЕЛБЕТІ

Біле бермейді екенбіз, еңбегімен елге еленіп, биіктерді бағындырған Шырыңкүл апамыз рухани күш жинауға аса мән береді екен. Төсегінің бас жағындағы жатаған үстелде қат-қат кітап, құшақ-құшақ газет-журналдар жинаулы тұр. Көбі көрнекті азаматтар, қоғам қайраткерлері жөніндегі естеліктер. Мұстафа Шоқай, Шахмардан Есенов, Ыбырай Жақаев, Нұртас Оңдасынов, Дінмұхаммед Қонаев жөніндегі кітаптарды көзіміз шалды.

– Мен әуелі бухгалтерлік курсты бітіргенмін. Сұлутобеде есеп қызметкерлерін дайындайтын 6 айлық курс болатын. Соны 1940 жылы оқып шықтым. Қызметке енді араласам ба деп жүргенімде тұрмыс құрып, өзге босағаны аттадым, – дейді ол.

Бала кезінен зейінді Шырыңкүл апа өзі жасаған тоқсанның сегізіндегі жастың толғағында есті сөзге құлақ түре жадында тоқып, есер сөзді кейін ысырып, жан дүниесінің айнақолын кір шалдырмай келеді. Болаттай беріктілік, темірдей төзімділік жаратушы берген қасиет болса, оны одан әрі өзінің зеректігімен танытқан Батыр анамыз шыңға шықты, аманат жанын адалдықпен атпады, кісілікпен күттеді. Сондықтан да ол өзгелерден еңселі, ажары ашық.

Ата-анасы Қазанбай мен Пәкізаның бауырынан он бала өргенімен, еңсесін көтеріп, ержете алғаны екеуі ғана еді, ағасы – Әбдіхалық және Шырыңкүлдің өзі. Сондықтан да туған ағасының бір ауыз сөзін жерге тастай алмай, Жұмалдидің тұрмысқа шыққаны. «Осы жігіттің етегінен ұста, қор болмайсың», – деп еді сонда ағасы. Солай болды да. Өлшеулі өмірдің қай қатпарын жұмырбасты пенде біліп болған дейсін?! Келін болып өзге босағаны атпаған соң, көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталды да қызықты күндердің ду-дусы аласапыранға, Алла сақтасынға ұласты.

1941 жылдың күзінде күйеуі Жұмалдиді, туған ағасы Әбдіхалық, әкесінің інісі Жайыңбай баласы Тасболатпен бірге әскерге алынды. Шіелі станасында тұрған аялдама ауызды қызыл жарамды ер азаматты толғай жұтып, тәрсылдап майдан жаққа қунара жөнеп жатты. Елдегі ауырпалық әйелдерге, жас бала-шағаның мойнына ілінді. Күнкөрістен бөлек, майдан шебіне азық-түлік кнім-кешек жіберу секілді ауыр міндет тұрды. Кейінгілердің бірі білімгеітін шығар, сол кездегі еңбек майданына әйелдерді де алды. Өзінің туған жегісегі Пернекүл Чкалов қаласындағы аяқ киім фабрикасында жұмыс сол күйі хабарсыз кетті...

Шіелідегі МТС-та 3 айлық тракторшылар курсың төмамдаған Шырыңкүл ұзамай-ақ трактор руліне отырды. ЧТЗ деген үсті ашық, жанына май құатын бопшек байланған трактор болатын. Соның бірін неленіп, жер жыртты, тырмалады, дән сеітті, әйтеуір бір тыңан емес. Өлгі тракторды оталдыру қияметтің қияметі болатын. Моторды қозғағыш тетіктегі бір қулаш шынжыр темірлі жылдам әрі күшпен тарту қажет. Сонда ғана трактордың моторы іске қосылып, тарылдай жөнелер еді. Менмін деп кеуде керген жігіттерінің өзі қолын шынжыр арқанға оратып алудан жасқанып, бұл тірілікке жасқаншақтай баратын-ды. Қарулы да әжіл Шырыңкүл мұны тез меңгерді. Колхоз бастық Ілиястың, «Өн бөрекеді, күшпен» деп басын шайқай беретіні сонда ғой...

– Атақты дикан Ыбырай Жақаевтың өнегесін көріп өстік. Артық ауыз сөзге жоқ, салмақты, нағыз еңбектің адамы еді. Ол кісі күріш еккен «Ыбырай түбегі» дейтін егіс алқабын алғашқы кезеңде бұталарынан тазалап, ой-қырын техникамен біз тегістедік. Алқаптағы жиде, шеңгелдердің түбін кетпенмен аршып, бір тынбаушы еді, жарықтық. Тәулігіне 2-3 сағат қана демалып, аздаған нанды қаузылап алып жұмысты бітірейік деп жөней беретінбіз, – дейді өткен күндерді көз алдынан өткізген ана.

Соғыстың алғашқы жылдары осы Шіелі станциясынан 5 вагон астық майданға жөнелтілді. Әр ауылға дән өткізу үшін тапсырма берілді. Ол кезде техника кемшін, тасымал жұмысы арбамен атқарылды. Есееке екі қапты теңдеп алып, астық тасыған не сән. Міне, осы ауыр жұмыстың ортасында Шырыңкүл де жүрді.

Үлкен қызың босануға 10 күн қалғанда ғана тракторыңан түсіпті. Онда да енесі байғұс ауданнан келген уәкілге: «Мына қатынды темірдің үстінде тұсын демесен, босат», деп айқай салмаса, Шырыңкүлдің заты әйел екендігін жұрт ұмытып кеткендей де екен.

Ол ері Жұмалдиді майданнан келген соң 1947 жылдан бастап күріш етуге шықты. Алайда соғыс кезінде серік болған тракторыңан да ажырамады. Өзіне тиесілі гектар көлеміндегі жерді техникамен өзі баптап күтуші еді. Арық-каналдарды тазалайтын, шылауын алатын. Нәтижесінде өнімділігі еселеп өсті. Алғашқы жылдары гектарына 70-80 центнерден, кейіннен 100 центнерден тұрақты өнім алып, Отан байлығына мол үлес қосты.

Жанкешті еңбек жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі», «Ленин» орденімен марапатталған «Коммунизм» колхозының күріш званосының жетекшісі Шырыңкүл Қазанбаеваға 1972 жылы ең жоғарғы атақ – Социалистік Еңбек Ері берілді. Сол еңбек қарқынын төмендетпей, 1980 жылға дейін колхозда жұмыс істеді. Әсия, Әсемкүл есімді қос қызын тәрбиеледі. Олардан өзге бір ұл, бір қызы жас кезінде шетінеген еді.

Үлкен жүректі ана жары Жұмекеге мұрагерлік жолмен әйел алуда да кешілік жасалды. Жеңгелей және келіндей алған әйелдерінен бір топ бала өсіп, әулеттің керегесін кеңейтіп отырғандығын қалай айтамыз?! Қазір де бір-бірімен араласып, қауқылдасып жатады.

1995 жылы Жеңістің 50 жылдығына орай өткізілген Алматыдағы салтанатты жиынға арнайы шақыртумен қатысқан бар. Ел басына күн туған сол бір сұрапыл кезеңдегі тылдағылардың жанқиярлық еңбегі туралы көпшілікке айтып бергенінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев орнынан тұрып келіп, кішіпейілділікпен: «Рахмет, Ана!» деп қолын алғанын мемереспөберлеріне әлі жырдай етіп баяндайды.

– Тәуба! – деп отырмын, – дейді Батыр ана. – Бұл көрсеткеніме мың қайтара шүкір! Тәуелсіздігіміз баянды болсын. Алғашқы кезегі қиыншылықтар жоюылып, өркендеуі басталды. Бұрындары қазақ елін білмейтіндер бізден үлгі алуға, Қазір білімдінің заманы, сондықтан жастарымыз оқу оқып, білім алуға ұмтылып, уақытын пайдасыз нәрсеге шығындамағаны жөн. Телесілдерден жаңалықтарды қарап отырамын, мемлекетіміздің дамуына үлес қосқан адам қай жерде де қадірлі болады, адал бейнеттің наны қашанда тәтті.

Алдыңғы назары түскен, сүйегі асыл, жүрегі шуақ батыр ата ғасырға тағу ғұмырында елге өнеге көрсетумен келеді. Өз еңбегі сінген Шіелі ауданы былығы 90 жылдық тойын оң табыстармен қарсы аларына сенімді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ, Шіелі ауданы.



Қазалының кітапқұмар жұрты тегіз танытын Злила Мұстафаеваны қашанда қарбалас шаруаның ортасынан табысыз. Бірде кітапханада өтетін мәдени шараның басы-қасында жүрсе, кейде жас мамандармен өзінің осы саладағы мол тәжірибесімен бөлісіп, ақыл-кеңесін айтып қанаттандырып отыратынын көресіз. Әсілі, «қанат ұйса қатайды» деп текке айтылмаған. Мұндай пайдалы кеңестен соң еңбек жолын жаңа бастаған маманның бойында өзіне сенім, жұмысына деген құштарлық қалыптасатыны тағы рас.

АСЫЛ ҚАЗЫНАНЫ АРДАҚ ТҮТҚАН

Зояның әкесі, марқұм Шүйіншалы көкеміз байырғы ұстаз болатын. Ұлы Отан соғысының ардагері Шоқен аса мейірімді, парасаттылығына қоса білімді де өнерпаз жан еді. Осынау өнерге жақындық көкеміздің ұрпақтарының бойына да дарыған. Кезінде Берік, Серік есімді ұлдары гитарала да жақсы ойнап көзге түссе, немересі Абай мектепте жүргенде мықты әнші ретінде көрермендерінің талай қошметіне бөленді. Зилианың кітапқа деген құштарлығы екенің қанымен дарыған десек, артық емес. Оқу-білімге құштарлық жыл алға жылжыған сайын одан әрі маздай түсті.

«Сексенінші жылдардың орта шенінде қазіргі Жанқожа батыр ауылындағы орта мектепті тәмамдап, өзге де клас-тастарымен бірге «Армандастар» атты комсомол жастар бригадасында еңбек еттім. Осынау жалын жігерлі жастардың легі ауылдағы тынымсыз еңбекке араласа жүріп, бос уақыттарында мәдени-рухани шараларға да белсене атсалысушы еді. Сол тұста Базар апай басқаратын ауыл кітапханасына жиі баратынбыз. Шағын оқырмандар залында отырып кітап деген құлдретті әлемге бойлап еніп, ақын-жазушылардың әлемдік деңгейдегі шығармаларымен сусындап өстік» деп өткен кезеңді сағынышпен еске алады Злила Мұстафаева.

Осы ізденімпаздық дағды сол тұстағы аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Ескара Көмекбаевтың кабинетінде орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Маржан Қарабалаевамен жүздесуге ұласты. Танымал ақын Ескара ағасының кітапхана директорына «мына қызымызға Қызылорда қаласындағы біржылдық кітапханашылар даярлайтын курсқа жолдама беріп отырмын.

Оқуын аяқтағаннан кейін осында келіп жұмыс жасайды» деген сөзі әлі есінде. Ауыл мектебінде

алған білімнің сапалылығы оқу барысында қалғе асты. Бұл өзгелердей көп қиналған жоқ. Оған қоса Ш.Сәуразова, К.Сисекеева, Л.Платонова, Н.Беляева сынды, тағы басқа да кітапхана саласының майталмандарынан алған тағлым талабын шыңдай түсті. Мұнан соң Ақтөбе қаласындағы мәдени-ағарту училищесін, кейін Шымкенттегі М.Әуезов Мемлекеттік университетін «Кітапханатану және библиография» мамандығы бойынша бітірген Злила Шүйіншалықызы әдістемелік-ұйымдастырушылық, қасби оқырмандарға қызмет көрсетуде өткізілетін ауқымды іс-шаралардың өз дәрежесінде жүргізілуіне машықтанды.

«Жақсының жақсылығын айты» деген бар. Кітапхана қызметкерлерінің жаңа технологияны игеруіне, барлық бөлімдердің жұмыс орындары автоматтандырылып, РАБИС бағдарламасы аясында 5 модуль бойынша жұмыс жасап, электронды қордың толық негізде жүргізілуіне мекеме басшысы Индира Назарованың сіңірген еңбегі ерекше» деген кейіпкеріміздің сөзінен ұжымна арналған құрмет нышанын анық аңғардық.

Зилианың осы мамандықты таңдап, қызметке араласқанына да 30 жылдан астам уақыт өтіпті. Оның Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталып, Астана қаласында өткен «ӘКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесінің ашылу салтанатына қатысуы әріптестерінің ітпінаты, ұжымдағы беделінің арқасы екені даусыз. Қазіргі таңда Қазалы аудандық орталық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі З.Мұстафаева – іргелі ұжымдағы беделі зор, тәжірибелі де білікті маманның бірі.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, Қазалы ауданы.



Нәзік жанды қыздардың арасында ерлермен тең түсіп, олар таңдаған мамандық тізгінін еркін әрі бекем ұстай білген әскери саладағы арудың бірі – Мырзалиева Нұргүл Дүйсенбекқызы. Ол облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментте қаржы қызметінің бастығы болып жұмыс жасайды.

ЛЕЙТЕНАНТ

Лейтенант шенді Нұргүл Арал қаласындағы Қарақұм ауылында дүниеге келген. Мектептен соң Батыс Қазақстан облысы гуманитарлық академиясының қаржы мамандығы бойынша білім алып, 2001 жылы Орал қаласы әскери комиссариатының қаржы бөліміне қызметке қабылданады. Талапшыл, максатшыл Нұргүл Батыс Қазақстан облыстық әскери комиссариатында қаржы қызметі бастығының орынбасары қызметіне дейін көтеріледі.

Қызметтегі он бес жылын Қарулы Күштер саласына арнаған ол – отбасында аяулы жар, қадірлі ана. Өмірлік жары екеуі екі қыз, екі ұл өсіріп, тәрбиелеп отыр. Уақыт өте келе туған жерге деген сағынышы арта түскен Нұргүл 2015 жылы Сыр еліне қайтуды жөн санайды. Бұл аймақта облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінде қаржы қызметінің бастығы лауазымына тағайындалады. Бүгінгі таңда Нұргүл Дүйсенбекқызы қаржы саласындағы әскери қызметші ретінде қызмет атқаруда. Оның бұл салада жеткен жетістігі, жинаған тәжірибесі де аз емес. 2016-2017 жылдың қорытындысы бойынша елдегі жергілікті басқару органдары арасында алдыңғы деңгейде көрініп, арнайы ҚР Қорғаныс министрі, генерал-полковник С.Жасұзақовтың алғыс хатымен марапатталды.

Әскери қызметтегі темірдей тәртіп ер мен әйелге бірдей. «Қойылатын талап пен сұраныс өте жоғары. Басшы ретінде ұжымдастарыма кейде қатал да, мейірімді де болуға тура келеді. Қаталдық іске деген жауапкершілік пен жеделдіктің белгісі, мейірімділік пен татулық – қызметкерлердің жан дүниесін түсіну», – дейді лейтенант Н.Мырзалиева.

Жаная ҚЫДЫРБАЙ, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-ында 4-курс студенті.

ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕР ЖАҚҰТЫ

Ғасырлар бойы ауыздан ауызға тарап, тот баспай жеткен жыршылық өнерді жалғастырушылар жетерлік. Жан тебіреніп терменің мақамын бұзбай, нақышына келтіре орындап жүрсен Ақмарал Тірісова солардың қатарында. Қызақтың қара домбырасының үнін әулетіп, киелі өнерді дәріптеп жүрсен талантты жастың талабы биік. Ол жыршылықтың өшпес жолын қалыптастырысы келеді. Бүгінде Арал аудандық мәдениет орталығында өнерін шыңдап жүрсен бойжеткеннің шерткен күйі мен шырқай салған әнін тыңдарман таңдай қаға тыңдайды.



– Жыршылық өнердің тұғыры қашанда биік. Ол – мәзмұны әлдеқайда жоғары, құнды дүние. Қазақтың қазақтығын танытатын да дәстүрлі әні, күйі, жыры деп білемін. Шетелде эстрадалық ән арқылы сіздің қазақ екеніңізді ешкім аңғара қоймайды және онымен көпті таңғалдыра алмайсыз. Ал дәстүрлі әніміз, жыр-термеміз ұлттық болмысымызды ай-шықтайды. Олар да осыған қызығады. Жалпы, өнер – халық тарихының шежіресі. Мұнда адамның қуанышы мен қайғысы бейнеленеді. Кезінде кең өріс алған, әншілік-термешілік мектептің қазіргі уақытта жоғалып кетпеуінің бірден-бір жолы – дәстүрлі өнерді кенінен насихаттау. Ата-бабадан қалған асыл мұраны көкейге тоқып, бойға сіңірсек, қазақ өнерінің тағылымы жалғаса береді. Мен де ақын-шайырларымыздың құнды мұраларын дәріптеуді, дәстүрлі әнді насихаттауды алдыма мақсат етіп қойдым. Мектепті тәмамдай салысымен өнер әлеміне өзгеше өрнек салуды қалаймын. Эстраданың бір сарындылығынан өзге деген құлшыныстың төмендеуі, кейінгі тыңдаушылар жырды түсінбеуі, дәстүрлі әнді жақын қабылдамауы мүмкін, әрине. Бірақ, қазақы жыр, дәстүрлі музыка өз құнарын жоғалтқан жоқ. Оның үстіне қазақ баласын

термемен, жырмен тәрбиелеген. Ақтамберді, Махамбет, Шалқын, Дулат жыраулар – соған дәлел, – дейді кейіпкеріміз.

Дәстүрлі өнерді дамыту жолында бағытын айқындаған жас жыршының жеткен жетістігі де өнердегі өрісінің кең боларын көрсетіп тұрғандай. Ақмарал – аудандық, облыстық байқаулардың жүлдегері. Шетел сахнасында өнерін паш еткен. 2016 жылы Баку қаласында өткен VII Халықаралық «Мутам» фестиваліне қатысып, арнайы дипломмен марапатталды. Былғы жылы да жеңіспен бастады. Алматы қаласында қазақ поэзиясының мұзбалағы, ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың 87 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жыра-лайды жүрек» республикалық байқауында бас жүлдені еншіледі. Сыр сұлейі Жаңаберген жыраудың «Жыр бастау» термесін орындап, қазылар алқасының жоғары бағасына, жиналған қауымның ерекше алғысына бөленді. Гүлжамал Бейсова, Айбек Тәңірбергенов секілді жыршы-термешілерден тәлім алған Ақмаралдың алдағы уақытта да жеңісті жолын жалғастырып, алға қойған арман-мақсатына қол жеткізеріне сенім мол.

Мәдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».



ӨМІРДІҢ ГҮЛІ, КӨҢІЛДІҢ ЖЫРЫ

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер мен сала ардагерлерін қабылдады. Кеш иелерін шұғылалы көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Патша да, батыр да анадан туады. Сіздердің сан салада қызмет атқарып, Сыр елінің өсіп- өркендеуіне, қарқынды дамуына қосып жатқан үлестеріңіз зор. Облыстағы барлық жетістіктер мен ортақ жеңісімізде сіздердің қолтаңбаларыңыз бар. Отбасыларыңызға

береке, дендеріңізге саулық тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен әйел-ананың қоғамдағы орны бөлек. Өмірдің гүлі, көңілдің жырына айналған әйелдер облыстағы маңызды салаларда нәтижелі еңбегімен ерекшеленіп жүр.

Осыған орай, ортақ жетістікке үлкен үлес қосып келе жатқан оларға жан-жақты жағдай жасалып отыр. Жыын соңында мереке иелеріне сый-сипат көрсетілді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».



Қазақ пайымында ұстаз деген ұғымның орны ерекше. «Алты Алаштың басы қосылған жерде төрдегі орын – мұғалімдікі» деген сөз де бөкер айтылмаса керек. Себебі, адам баласының қоғамның бүтін бір мүшесіне айналып, өмірден өз жолын табуына ата-анадан кейін мұғалімнің еңбегі зор. Дәл қазіргі қарыштап дамып бара жатқан қоғамда оларға артылар міндеттің де ауқымы ұлғайды. Соған орай, бүгінде мұғалімнің мәртебесін арттыру мәселесі де орынды көтеріліп отыр. Мұғалім, ол – аартушы тұлға, өз дәуірінің рухани бейнесі. Сол себепті жүрегіңде елдік мүддесі деген ерекше құрмет орын алған жан ғана нағыз ұстаз бола алады. Осындай ұлағат төріндегі ұстаздың бірі – Микеева Ләззат Есенқызы.

ЕҢБЕГІМЕН ЕРЕКШЕ ЖАН

Ол Қызылорда қаласының тумасы. Ел қатарлы орта мектептен оңжылдық білім алған, 1995 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтын «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірді. Өзі-өзіне сенімді жас маман еңбек жолын бастағаннан-ақ екі бірдей білім беру ұйымында қатар қызмет атқарды. Сырдария ауданындағы №176 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің

мұғалімі қызметін атқара жүріп, М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжде сабақ берді. Ал 1996-2007 жылдар аралығында қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қазақ тілі кафедрасында дәріс берсе, осы жылдары №10 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интернатында да мұғалім болып еңбек етті.

Білімі мен тәжірибесі мол Ләззат Есенқызы

2007 жылдың қазан айынан бастап лицей-интернатта директорың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді. Оның бір ғана мақсаты – балаларды білімге баулып, биікке жетелеу. Ол үшін қабілетсіз оқушы деген жоқ, тек баланың бейімділігін байқап, сол бағытта тәрбиелеу қажет.

Шәкірттерінің сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген кәдірлі ұстаз бүгінгі күнге дейін 20-дан аса олимпиада жүлдегерлерін дайындады. Оқушылары облыстық және республикалық білім сайыстарында жүзден жүзін, мыңнан тұлпар шығып жатты. Лицейде «Жас тілші» үйірмесіне жетекшілік етіп, шәкірттерінің шығармашылығын шыңдай түсті. Сондай-ақ, оларды ел өміріндегі елеулі оқиғаларға үн қосып, азаматтық ұстанымын білдіруге тәрбиеледі. Ұстаздың осындай табанды еңбегінің нәтижесінде 2008 жылы шығармашыл мұғалімдердің облыстық байқауында «Ең үздік қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі» атанып, 1-ші дәрежелі диплом мен арнайы сыйақы иеленді. Ләззат Есенқызы оқу-тәрбие процесінде жақсы ұйымдастырушы, іскер басшы ретінде де өзіндік бағасын алып келеді. 2011 жылы «Үздік оқу ісінің меңгерушісі» номинациясын жеңіп алған болса, осы жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Тәжірибелі ұстаз әріптестерінің кәсіби жетілуіне де өзіндік үлесін қосып келеді.

Бірнеше рет өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, облыстық деңгейде семинарлар өткізді. Осындай елеулі еңбегінің жемісі, Ләззат Есенқызы 2014 жылы «Үздік педагог» облыстық байқауының жеңімпазы атанып, 1 млн теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

Облысымыздағы әрбір сала бойынша үздіктердің өмірі мен еңбек жолы туралы жазылған «Орданың алтын кітабы» атты жинаққа Ләззат Есенқызының енуі оның кәсіби еңбегінің лайықты бағаланғаны болса керек. Бүгінгі күнге дейін ұлағатты ұстаздың облыстық және республикалық басылымдарда ғылыми-әдістемелік бағыттағы 20-дан аса мақаласы жарияланды. Елбасы Жолдауынан туындаған жаңа міндеттерді жүзеге асыру барысында да ақпараттық-насихаттық тұрғыда әріптестеріне үнемі қолдау көрсетіп отырады.

Өз саласының білікті маманы, ұлағатты ұстаз Ләззат Есенқызы жаһандану дәуірінде білім саласының алдында тұрған жаңа мүмкіндіктерді сапалы іске асырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу жолында еселі еңбек етіп келеді. Отбасында аяулы ана, екі бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде балалары да білімнің биік шыңын бағындыруда. Кәдірлі ұстаз осынау дәстүрлі мерекені де мерейлі табыстармен қарсы алып отыр.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

ШУАҚТЫ МЕРЕКЕ ШАТТЫҒЫ

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов аймақтағы нәзікжандыларды мерейлі мерекемен құттықтады. Кездесуге көшбасшы әйелдер, кәсіпкерлер, батыр аналар қатысты.

– Алаштың анасы атанған туған жеріміздің көркеюіне қаншама әйел-аналар, апа-қарындастар, қыз-келіншектер үлес қосуда. Ұлт ұлағатының жас ұрпаққа жетіп, салт-дәстүріміз бен рухани құндылығымыздың қаймағы бұзылмай сақталуының өзі аналарымыздың арқасы дер едік. Сіздердің қолдауларыңыз бізге сенімділік ұялатып, шуақ сыйлайды. Осы айрықша қасиеттеріңіз мәңгілік

салтанат құрып, елге ырыс-құт дарысын! Мерекелеріңіз құтты болсын! – деді облыс әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар қатысушыларға құттықтау хат пен гүл шоқтары, арнайы сыйлықтар табысталды. Басқосу өнерлі өнерпаздардың ән шашуымен қорытындыланды.

Мәлір ҚАЛЫМБЕТ,
Н.НҮРЖАУБАЙ (сурет).



ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ – ӘЙЕЛ-АНА

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі барлық аудан орталықтарында әзіз әжелер мен аяулы аналарды, қыз-келіншектерді құрметтеу үрдісімен аталып өтті.

ҚЫЗЫЛОРДА. Қала әкімі Н.Нәлібаевтың мерекелік қабылдауына еңбек ардагерлері, батыр аналар, білім, спорт және мәдениет саласының үздіктері, ұлттық-мәдени орталықтардың мүшелері, журналистер мен құқық қорғау саласының қызметкерлері, үкіметтік емес ұйым өкілдері жиналды.

Қазір облыс орталығында 3500 Батыр ана тұрса, көп бала тәрбиелеп отырған жас аналар саны 6500-ге жеткен. Мерекелік қабылдауға қатысушыларға жүрежарды тілек пен мерекелік сыйлықтар, гүл шоқтары табысталды.

Өз кезегінде ақ жаулықты аналар мен қыз-келіншектер Сыр өңірінің бас шаһары – Қызылорда қаласында соңғы жылдары атқарылған ауқымды жұмыстардың арқасында орын алған оң өзгерістерге тоқталып, осы мақсатта қызмет етіп жүрген барша азаматтарға алғыстары мен аналық ақ тілектерін жеткізді.

АРАЛ. Мерекесі орай аудандық мәдениет үйінде «Ана – өмір шарбаты, Ару – әлем сымбаты» атты салтанатты шара өтті. Жасы 100-ден асқан Жонай Таңымбетованың батысқан бастау алған мерекелік кеште аудан әкімі М.Оразбаев өз лебізін білдірді.

Салтанатты шара аудан дамуына үлес қосып, елеулі еңбегімен көзге түскен, өз саласында үздік атанған бірқатар қыз-келіншектерді марапаттау рәсіміне ұласып, марапат иелеріне аудан әкімінің алғыс хаты мен «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының алғысы табысталды. Сондай-ақ, мерекелік кеш аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына жалғасты.

ҚАЗАЛЫ. Аудан экономикасын ілгерілетуге үлес қосып отырған табысты жандар іскер әйелдер форумында бас қосты. Басты мақсат – әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту, әйел кәсіпкерлігін дәрiптеу, бизнесті қолдау мемлекеттік бағдарламаларына әйелдердің қатысуын жандандыру.

Аудан әкімінің орынбасары С.Бабанас қатысқан форумда нәзікжандылар өзара тәжірибе алмасып, жұмыстарын қорытындылады. Алда тұрған ортақ міндеттер туралы ой бөлісті.

Форум қорытындысымен бір топ әйел кәсіпкерлер марапатталды. Сондай-ақ, қонақтар назарына аудандың әйел кәсіпкерлері ұйымдастырған тауарлар көрмесі көрсетілді.

ҚАРМАҚШЫ. Аудандық мәдениет үйінде аудандық білім бөлімі мен білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен «Әлемнің иыры – әйелдер» тақырыбында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай білім саласы қызметкерлерінің салтанатты жиыны өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары М.Самитов білім саласының ардагер ұстаздары мен қыз-келіншектерін мерейлі мерекемен құттықтап, аудан әкімінің алғыс хаттары мен бағалы сыйлықтар табыс етті. Салтанатты шара білім саласы өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

ЖАЛАЛАШ. «Өмірдің несі сен, ғазиз ана» тақырыбында ұйымдастырылған мерекелік шараға ардагерлер, батыр аналар, депутаттар мен кәсіпкерлер және түрлі салада қызмет ететін нәзікжандылар арнайы шақырылып, құрмет көрсетілді. Мереке иелерін аудан әкімі Қ.Сәрсенбаев құттықтап, сый-сипат жасады. Сонымен қатар шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Әлиев, ҚР оқу ісінің үздігі, білім беру саласының ардагері Р.Ісмаханова сөз алып, барлық аналар, әйелдер қауымын айтулы мерекемен құттықтады. Аудан өнерпаздары ақсаулықты аналардың құрметіне мерекелік бағдарламасын ұсынды.

СЫРДАРΙΑ. Аудан әкімі Ғ.Қазанғаев аудандың әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан ақ жаулықты аналарды және қазіргі таңда жемісті жұмыс жасап жүрген қыз-келіншектерді мерекемен құттықтады. Аудан әкімі мерекелік қабылдауда егемен елдің өркендеуі жолында әйелдер қауымының алар орны ерекше екенін айтып, игі тілегін жеткізді.

Мерекелік қабылдауда аудандың құрметті азаматы, еңбек ардагері А.Бахтиярова, ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің екі мәрте депутаты болған Б.Қисаева, Қазақ ССР-нің ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкері С.Өмірзақова, «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері, білім саласының ардагері А.Ізбасарова, Ақсабалық мүшесі Н.Быстрикова сөз сөйлеп, мерекеле құрмет көрсеткені үшін аудан баспасына алғыстарын жеткізді. Аналарға аудан әкімінің Құттықтау хаты, естелік сыйлықтар мен гүл шоқтары берілді.

ШНЕП. Аудандық мәдениет үйінде аудан әкімі Ө.Оразбекұлы Халықаралық әйелдер күніне орай ардагер аналар мен ауданның дамуына үлес қосқан белсенді әйелдер қауымын салтанатты түрде қабылдады. Көктемнің шуақты мерекесіне арналған жарқын кездесуге келген Ұлман Мәмірейқызының торқалы 94 жасымен құттықтап, сый-құрмет көрсетті. Қарт ана ел азаматтарына ақ батасын берді.

Жарқын кездесу соңында барша қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етілді.

ЖАҢАҚОРҒАН. Аудан әкімі Ғ.Өмірғөв М.Көкенов атындағы мәдениет үйінде «Ана – әлемнің әміршісі» атты салтанатты шараға қатысып, аудандағы барлық аналарды, ару қыздарды мерекемен құттықтады. Мәдениет үйінде қыпалам шебері Үлкенес Маутованың көрмесімен танысты. Аудандың әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуына үлес қосып жүрген бірқатар белсенді аналар аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Салтанатты шара мәдениет үйінің қызметкерлері әзірлеген мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасты.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

БАЛАЛАРДЫҢ БАБЫН БІЛГЕН ДӘРІГЕР



Дәрігерлік мамандық бірнеше салаға бөлінетінін білеміз. Соның ішінде балалар дәрігері, яғни, педиатрия саласы өте күрделі екенін біріміз мойындаймыз. Себебі, тілі шықпаған сәби қай жері ауырып тұрғанын айта алмайды, мазасызданғанын тек жасыап ғана жеткізеді. Сондықтан да аналар қауымы «балда ауырғанына өзін ауырайын» деп жатады. Шаққалазымыз шырылдағаннан жанамызды қоярға жер таппай, алып-ұшып дәрігерге жетеміз. Өзінің 35 жылдық еңбек жолында талай сәбидің саулығын сақтауға үлес қосып, дертіне дауа тапқан абзал жан №6 қалалық емхана дәрігері Бақыт Оразбақованың есімі аналар қауымына жақсы таныс.

Алматы мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетін бітірген ол Қызылорда қалалық біріккен балалар ауруханасында интернатурадан өтеді. Еңбек жолын аймақтық педиатр-дәрігері болып бастайды. Онан соң қалалық біріккен балалар ауруханасында еңбек етіп, 1982-1989 жылдары осы ауруханада бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Дәрігерлік мамандықтың қиындығын басынан өткен адам ғана жақсы түсінеді. Алдына келген әр адамның тағдыры сол әкжелендінің біліктілігіне, жауапкершілікті сезінуіне, науқасқа деген жанаңшырығына байланысты болып жатады. Дәрігердің жылы сөзінің өзі ем дейтіні сондықтан. Бақыт Оразбақованың да көпжылдық қызметінде талай қиындықтар, періште тағдыр үшін қауіпке толы оқиғалар жиі ұшырасты. Солардың бірін әлі күнге дейін есіне алып айтып отырады. Балалар ауруханасының педиатрия бөлімінің меңгерушісі болып тұрған кезінде ауруханаға өте ауыр халде сәби түседі. Бірнеше күн әкжеленділер әлгі баланың өмірін сақтап қалу үшін барын салады. Әйтсе де, баланың атасы аурухана рұқсатансыз әл үстінде жатқан баланы үйіне алып кетеді. Бақыт дәрігер баланы іздеп үйіне барды. Барса, бала ақ матаға ораулы жатыр екен. Дәрігер мән-жайды сұрағанда әлгі баланың үй-іші үміттерін үзгендіктен, осылай жасағандарын айтады. Сонда дәрігер баланы қайтадан ауруханаға жатқызу керек екенін айтады. Ал атасы немересінің жазылып кететініне кепілдік берсе ғана ауруханаға қайта апаратынын айтып, табандап тұрып алады. Бақыт Жұмабайқызы сонда: «көшеде аман-сау келе жатқан адамға да еш кепілдік

жоқ» деп баланы әй-шөйға қарамай алып кетеді. Сонан өзі жіті қадағалап, бар ем-домын жасайды. Өуелі Алланың, сосын Бақыт дәрігердің емі дертіне шипа болған баланың 2-3 күнде беті бері қарады. Не керек, бала аяғынан тұрып, отбасына аман-есен оралады.

1989 жылы ол №6 қалалық емханаға қызмет ауыстырады. Мұнда дәрігер-иммунолог болып еңбек етеді. Яғни, балалар мен ересектердің вакцинамен егілуіне жауапты маман. Сонан күні бүгінге дейін осы ұжымда абыройлы еңбек етуде. Зейнеткерлік жасқа әлдеқашан жеткенімен, Бақыт Жұмабайқызы әлі де ұжым басшылығының, әріптестерінің қалауымен жұмыс істеп жүр. Бұл, әрине, білікті маманның қадірін білгендік. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, талапшыл әрі ізденімпаз маман ретінде сыйлы дәрігер өзінен кейінгі жастарға білгенін үйретуден жалыққан емес, ақыл-кеңесін айтып, бай тәжірибесімен бөлісіп отырады. Емхананың ішкі қоғамдық жұмыстарына да белсене араласып, ұжымның бірлігін, ынтымағын жарастырып жүрген үлкендігі тағы бар.

Майталман маманның еңбегі елеңіп, талай марапат та алған. 2017 жылы «Алтын дәрігер» төсбелгісін таққаны сөзіміздің бір ғана мысалы. Бақыт Оразбақова білікті, абыройлы маман ғана емес, сонымен бірге, ардақты ана, немерелерінің сүйікті әжесі. Ендеше, беркелі, мерекелі, базарлы тұмырыңыз тарқамасын демекпіз.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».



ТРАКТОРШЫ ӘЛИЯ

Қызықты оқиғаға құлақ түре жүретініміз бар. Мақалаға арқау болған кейіпкер жайында бала күнімізде де жеті естимізбіз. Жұрт бұл кісіні «Тракторшы Әлия» дейтін. Жаңақорғандық Әлия Құдайбергенова аудан халқына еңбегімен таныс.

Тағдыр жолы сан тарау ғой. Қойнауы қазынаға толы қарт Қаратаудың етегінде туып-өскен бойжеткен әу баста ғұмырын ауылда өткеремін деп ойламаған да шығар, сірә. Арман қуып, қалаға кеткісі де келді. Бірақ отбасының жайы бұл ойына түсеу болды. Осылайша, тракторды тізгіндеп, шаруашылықтың жұмысын шыркөбелек айналырған санаулы қыздардың біріне айналды. Мектепте оқып жүргенде жесінің тракторын білдірмей айдап кететін еді. Бір күні ағашқа соғып, ұрыс естігені бар. Сонда да қыз талпынған бетінен қайтпады. Бос тұрса, мініп кетеді. Әкесі мұны біліп қойып, талай ескерту жасап, тыйым салады. Алайда, қызының ынтығасына қарап, мектеп бітірген жылы әкесі оған трактор айдауды өзі үйретеді. Уақыт өте келе, темір атты жүргізудің қыр-сырын үйренеді. Кішкентай бауырларымен үйде науқас анасын қарайлау үшін барын салды. Әкесіне қолғабыс етті.

Алғашқыда жас қыздың трактор құлағында ойнайтынын көрген жігіттер таңғалғандарын жасыра алмайтын. Тіпті кейде бұзылып, ұзақ қантарылып тұрған трактордың тілін де Әлия табатын болды. Осылай еңбеккер қыздың ерлігі көпке үлгі болған.

Ол тұста тракторшы қыз тұратын елді мекен мал бордақылау бірлестігі еді. Онда шұжық шығаратын цех, мал фермасы жұмыс жасайды. Тіршіліктің қайнаған ортасы. Әлия нағыз бесаспап жұмысшыға айналды. Малға шөп салады, құрылыс алаңына керекті материалдарды жеткізіп береді. Егіндікте жер жырталды, алқаптарға тынайтқыш себеді. Қаршадай қыздың талабына риза болған ауыл басшысы аудандық партияға хат жазып, жаңа трактор беруді сұрапты. Содан бір күні аудандық мәдениет үйінде үлкен конференция

өтеді. Сол конференцияда Әлияға су жана трактор табыс етілді. Трактордың өсігіне «Құдайбергенова Әлия» деп жазылғанын көргенде қуаныштан көз жасына ерік береді.

Тынымсыз еңбекке бойы үйренген Әлия уақыттың қалай зымырап өте шыққанын байқамапты. Анасы мен бауырларының жағдайына алаңдап жүріп, жеке басының өміріне мән бермейтін. Ол 35 жасында тұрмыс құрды. Бүгінде бақытты ана, ауылы жар, ардақты әже. Қайсар жанды әңгімеге тарта отырып, қандай мамандықты бітіргенін сұраған едім. «Мен журналистиканың соңғы курсының студентімін», – деді. Танданысымды жүзімнен аңғарса керек. Құлді. «Менің бала күнгі арманым журналист болу еді. Бірақ мүмкіндігім болмады. Өткенге қайта оралсам, осы мамандықты оқитын едім» деп орындалмаған арманын ойға алды.

– Еңбек бар жерде, нәтиже болады. Алға қойған мақсатқа жету үшін тынбай тер төксең, жемісін береді. Мен балаларыма, жастарға еңбек етуді үйретіп келемін. Жалқаулыққа жол бермеу керек. Бізді бала күнімізден ата-анамыз еңбекке ерте араластырды. Жаман болған жоқпыз. «Еңбек етсең, емерсін» деп ата-бабамыз тегін айтпаған, – деп ойын білдірді.

Ерлермен қатар еңбек етіп, ел ырысын арттырған Әлияның өмір жолына қарап ұлкен ой түйіндеуге болады. Кейінгі жастарға еңбек адалығы ретінде үлгі тұтарлық жан. Біз де немерелеріміз балдай тәтті қылықтарын қызықтауды жарық жалғаның баға жетпес бақыты деп есептейтін кейіпкеріміздің шаттыққа толы ғұмыр кеше беруін тіледік...

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУДЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЫ

1-бет

Елбасы жалақысы төмен қазақстандықтарды қолдау үшін олардың салық жүктемесін 10 есеге азайтуды ұсынды. Бұл ай сайын есептік көрсеткіштің 25 еселенген көлемінен аз жалақы, яғни, 60 мың теңге алатындарға салынатын жеке табыс салығы бойынша жасалатын болады. Осылайша, салықты азайтудан босатылған қаржы олардың жалақысын көбейтуге бағытталады. Бұл жұмысшыға да, жұмыс берушіге де жағымды жаңалық болатынын негізге алған облыс әкімі салықтық және бюджеттік заңнамаларға тиісті өзгерістер енгізу және әкімшіліктендіру тетігі бойынша ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған үшінші бастама аясында аймақ басшысы Қызылордадағы мектеп бітірушілердің Ресей Үкіметінің гранты есебінен білім алып жатқанын атап өтті.

«Жуырда Ресей Федерациясының федералдық бюджеті есебінен Ресей мемлекеттік аграрлық университетінің К.А.Тимирязов атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясына бакалавр бағдарламасымен «Білім саласындағы ақпараттық жүйелер» мамандығына сегіз талапкерді және магистратура бағдарламасы бойынша «Инженерлік білім беру жүйесін ақпараттандыру» мамандығына жиырма талапкерді жаңадан оқуға қабылдау жөнінде келісімге қол жеткіздік. Сонымен бірге, жыл сайын облыс әкімінің грантымен аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 100-ге жуық дарынды ауыл балаларын аймаққа қажетті мамандықтар бойынша еліміздің жетекші жоғары оқу орындарына жіберудеміз. Біздің жастарымыз талантты және біз оларды жаңа қоғамның қажетті мамандықтарына бағыттауымыз қажет», – деді облыс әкімі.

Білім саласын дамыту бойынша өңірімізде мақсатты жұмыстар жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде өткен жылы мектеп бітірген түлектердің 97 проценті арнаулы орта және жоғары оқу орындарына түсті. Ресейдің жетекші техникалық оқу орындарында Сыр елінің 452 перзенті сол елдің гранты негізінде білім алуда. Бұдан бөлек, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасынан шыққан, әсіресе, ауылдық жерлердің балаларын аймаққа қажетті мамандықтар бойынша оқыту үшін облыс әкімінің гранты тағайындалған болатын. Бүгінде 700-ге жуық жас аталған грант иегері болып отыр. Облыс басшысы бұл саладағы жүйелі жұмыстарды жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Биылдан бастап М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жыл сайын «Киберқауіпсіздік» және «Процестерді математикалық модельдеу» мамандықтары бойынша 20 грант бөлетін болады. Сонымен қатар, Татарстан Президентімен жыл сайын 20 адамды (өңір есебінен) ақпараттық және цифрлық технологиялар бойынша Иннополис университетінде оқыту туралы келісім бар. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесіз болмағы анық. Бұл ретте облыс басшысы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің басшылығына техникалық, инженерлік, ауыл шаруашылығы және нанотехнология салаларын дамыту үшін осы салалардағы мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік білім тапсырысын 2018-2019 оқу жылында тиімді бөлуді жүзеге асыруды, облыс аумағында және көршілес облыстарда кешенді кәсіби-бағдар беру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Президент көтеріп отырған төртінші бастама – шағын несие беруіді көбейту. Биыл аймақта «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жарияланып отыр. Облыс басшысы 90 мыңнан астам өзін өнімсіз жұмыспен қамтығандарды

жұмысқа орналастыру міндеті тұрғанын айтып, бұл мақсатта облысқа қосымша ресурстарды тарту қажеттігін және «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялаған осы жыл бұл мәселелерді түбегейлі шешу керектігін мәлім етті.

– Ағымдағы жылы жалпы бюджеті 32 млрд теңгені құрайтын кәсіпкерлікті дамытудың «Жол картасын» бекіттік. Ауыл тұрғындарын шағын несиелендіруде оң тәжірибесі бар «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығына үлкен сенім артып отырмыз, – деген облыс әкімі үндеудегі бесінші бастамаға тоқталды.

Мемлекет басшысы еліміздің орталық және солтүстік өңірлерін газдандыру мәселесін шешу үшін «Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана» бағытында магистральды газ құбырын салу жобасын жүзеге асыруды ұсынды. Өткен жылы облысымызда Астана қаласы мен солтүстік өңірлерді газдандыру үшін жоспарланған жоғары технологиялы газ компрессорлық Қараөзек станциясы іске қосылды. Аймақ басшысы облыста бұл жобаны жүзеге асырудың ерекше маңыздылығын айтып өтті.

«Бүгінгі күні Елордамыз Астананы газдандыру біздің Сыр өңірінен бастау алатынын біз үшін үлкен қуаныш. Біз бұл мәселені бірнеше жыл зерттедік. Нақты айтар болсақ, бұл – сметалық құны 370 млрд теңге болатын инвестиция, бюджетке түсетін түсімдермен, ең бастысы, жаңа жұмыс орындары. Жоба бойынша кемінде 200 қызылордалық жұмыспен қамтылатын болады», – деді облыс әкімі.

Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы Елбасы бастамаларын орындау мақсатында орынбасарларына және Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

Әзиз БАТЫРБЕКОВ,
«Сыр бойы».

БЕС БАСТАМА – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

1-бет

Сондай-ақ, облыс әкімі атап өткендей, технологияларды дамыту, көптеген процестердің автоматтандырылуы мен роботтандырылуы өндірістегі адамның санын азайтады.

– Сол себепті уақыт өте келе, кәсіптік қызмет көрсету үлгісіне негізделген шағын және орта кәсіпорындар драйверге айналады. Сәйкесінше, кәсіпкерлікті дамыту және жұмыс орындарын ашу арқылы біз әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеміз. Бұл – шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың қажеттілігін көрсететін екінші фактор. Оның үстіне әлеуметтік саясат азаматтарды еліміздің толыққанды экономикалық өміріне тарту арқылы жүзеге асырылатын және зейнетақы жүйесі толығымен еңбек өтіліне негізделетін ендігі уақытта біздің міндетіміз әрбір азаматтың көлеңкелі экономикамен байланысты іс-әрекетін заңға бейімдеу болып табылады. Әлбетте, осы тұста шағын және орта бизнесті дамытуға басымдық беріледі. Бұл үшін мемлекет тарапынан қолайлы жағдайлар жасауға, бизнесті дамытуға, оның ішінде старт-ап жобалар үшін несиелік ресурстарға қолжетімділік айтарлықтай жеңілдетілді, бюджеттік қаражат есебінен қажетті инфрақұрылым және басқа да шаралар атқарылуда. Үшінші фактор – кәсіпкерлік – бұл қазынаны (бюджетті) толықтыру мәселесін шешудің кілті. Оның үстіне, шағын және орта бизнес – өзінің шапшаңдығының арқасында, тіпті, дағдарыс кезінде де кез келген

жағдайға бейімделе алатын және солай ете отырып елдегі жағдайды өзгерте алатын бизнес-қауымдастықтың бір бөлшегі. Сондықтан Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, Ұлт көшбасшысы шағын және орта бизнесті дамыту қажеттілігі туралы үздіксіз айтып келеді. Соңғы жылдары кәсіпкерлік саласындағы жұмыспен қамтылғандардың үлесін 22 проценттен 26-ға дейін арттыра алдық. Бірақ, бұл көзделген меже емес. Біздің мақсатымыз – 2050 жылға қарай жалпыөңірлік өнім көлеміндегі шағын және орта бизнестің үлесін 14% -тен 45-50%-ке дейін жеткізу және осы мақсатта жұмыс жасаудамыз. Мақсат – жоғары, алайда, қолжетімді. Бұл үшін біз жалпы бюджеті 32 млрд теңге болатын кәсіпкерлікті дамытудың кешенді «Жол картасын» әзірледік, – деді өңір басшысы.

Телекөпір барысында облыс әкімі «Бастау бизнес» жобасына қатысты да пікір білдірді.

– «Бастау бизнес» жобасына келсек, ол бизнесті жаңадан ашықсы келгендерге «экономикалық лифт» іспеттес болмақ. Өйткені, қазіргі қалыптасқан кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының жүйесі негізінен аяққа тұрған бизнесті дамытуға бағытталған. Микробизнес, әдетте, шеткері қалады. Әсіресе, кепілдік мүлкінің болмауынан болашақта кәсіпкер болатын өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз адамдардың қолына бұл қаражат іс жүзінде жетпейді. Әсіресе, бұл проблема ауыл тұрғындарына қатысты. Бұл бастаманың маңыздылығы – мыңдаған адамдарға өз кәсібін



ашуға мүмкіндік беретіндігінде, – деді Қырымбек Елеуұлы.

Облыстық кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Асқар Махамбетов саланың дамуы қарқынды екенін жеткізіп, «Бір терезе» қағидаты негізінде жұмыс істейтін орталықта кәсіпкерлер техникалық және рұқсат құжаттарын алу жөнінде қажетті кеңес пен көмек ала алатынын айтты.

«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» МҚУ директоры Самат Ерниязов та өз кезегінде облыста шағын не-

сие кәсіптің шырайын кіргізе бастағанын айтып, облыстық бюджеттен инвестициялық орталық арқылы осы мақсатта 500 млн теңге бөлінгенін және басқа да көздерден қосымша 1 млрд теңге тарту жоспарланғанын тілге тиек етті. Халықтың әлеуметтік өміріне түбегейлі өзгеріс әкелетін бұл жұмыстар алдағы уақытта қарқынды жүргізіле беретін болады.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

Көктемнің көрікті мерекесі – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында облыстық ардагерлер кеңесі аймақтағы ақынжаңды аналар, ау қыз-келіншектерді, жауқазын жырларымен танылып жүрген жас толқын таланттарды қабылдап, сый-құрмет көрсетті.	
Мерекелік қабылдауда ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәйітбек Шаухаманов құттықтау лебізін білдіріп, қоғамдағы әйел-аналардың	
ЖОБА	
Шиелі ауданының Бірлестік және Ботабай ауылдарын қайта атау туралы	
«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4-тармақшасына және облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 7 ақпандағы №1 қорытындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:	
1. Шиелі ауданының Бірлестік ауылы «Жаназар бауыры» ауылы; Шиелі ауданының Ботабай ауылы «Тұрғанбай датқа» ауылы болып қайта аталсын.	
2. Осы шешім мен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.	
Қызылорда облысының әкімі	Қызылорда облыстық мәслихатының кекеті 19-сессиясының төрағасы
Қ. Көшербаев	И. Құттықожаев
	Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы
	Н. Байқадомов

ЖҮРЕККЕ ШУАҚ ТҮНҒАН КҮН

орны ерекше екенін атап өтті.

– Отбасының бақыты мен берекесін арттырып, ұлағаттап ұрпақ өсіріп, шаңырағын шуаққа бөлеген ауыл аналар, қайратты да жігерлі қыз-келіншектер бүгінгі таңда қызметтің қай саласында болмасын қажырлы еңбек етіп, қайраткерлік деңгейге көтерілді. Ананың құдіреті сол – олар арқылы өмір жалғасады, ұрпақ алмасады.

Қай қызметтің де өзіндік сал-

мағы бар. Десек те, ақындық, екінші бірине қона бермейтін қасиет. Тұма тазалықтан бастау алатын өзгеше өнер. Сондықтан мерекелік кешке қолына қалам ұстап, жанына жарды серік еткен үш буын ұрпақ өкілдерін шақырып, өмірдің, өнердің сабақтастығын жалғастыра мақсат еттік, – деді С.Шаухаманов.

Аналардың мерейін тасытқан мерекеді Сәнімқұл Желдербаева, Рысты Бекбергенова, Қатира

Жәленова, Рахат Наурызбаева сынды белгілі ақындар бастаған шығармашылық өкілдері болды. Жырағ құмар жастар ақындардың өлеңдерін жатқа оқып, әндерін шырақалды. Жүрегіне жыр ұялаған жандарға көктемнің гүл бөйішешегі мен сый-сияпаттар табысталды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

ЗАҢСЫЗ ТАСЫМАЛҒА ТОСҚАУЫЛ КҮШЕЙТІЛДІ

Соңғы жылдары өңірде жолаушылар тасымалдау қызметімен заңсыз айналысатындар көбейген. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жаңабәев мәлімдеді.

Қазіргі кезде аймақта аудан және облыс орталығымен байланыстыру 211 тұрақты автобус маршруты бар. Оның ішінде ауданаралық – 71, аудандық – 109, қалаішілік және қала маңы бойынша 31 маршрут қызмет

көрсетіп келеді. Сонымен бірге облысаралық 7 автобус маршруты қатыналады.

Бұлармен қатар жекеменшік көлігімен заңсыз жолаушы тасымалдау жүрген жүргізушілер де бар. Нақты айтар болсақ, Қызылорда қаласындағы Салтанат автовокзалының жанынан 100-ге жуық 8 және 11 орындаық «Хундай Старекс» маркалы автокөлік иелері заңсыз аялдама ұйымдастырып, Шиеліге жолаушы тасымалдауда. Бұған тұрақты жолаушы тасымалымен айналысып жүрген жүргізушілер наразы. Себебі, табыстарының азаюына кері әсер еткен. Оның үстіне сапар алдында тасымалдаумен заңсыз айналысып жүрген жүргізушінің денсаулығы, көлі-

гінің техникалық жағдайы тексерілмейді. Осы жайтқа орай тиісті сала мамандары жүргізушілермен кездесіп, олардың да айтар уәждерін тыңдап, келісімге келді. Енді мәселеге қатысты түйін шешілмек.

Брифингте облыстық әкімшілік полиция басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айбек Құлмағанбетов ҚР Ішкі істер министрлігінің тапсырмасымен 2018 жылдың 22 қаңтары мен 18 ақпаны аралығында «Автобус» шарасы өткенін айтты. Сонымен бірге жергілікті полиция қызметі, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясы мекемелері бірлесіп,



Мониторингтік топ басшысы Анар Ізденнің айтуынша, жоба аясында бақылау үш

жолаушы тасымалдаушыларға түсіндірме жұмыстары жасалып, рейдтік шара жүргізілді. Нәтижесінде 1408 тәртіп бұзушылық анықталды. Ал, 5 заңсыз тасымалдаушыға ҚР қолданыстағы заң талаптарына сай тәртіп бұзушыларға белгіленген айыппұл санкциялары қолданылды.

Өз кезегінде қала әкімінің орынбасары Асылбек Шәменов тұрақты жолаушы тасымалымен айналысатындарға қойылатын талаптарды жеткізді. Онда жүргізушілердің күнделікті денсаулығы тексеріліп, көліктердің техникалық жағдайы бақылауда болады. Сондай-ақ, жолаушылар мен бағажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдау жай-

түрлі тәсілмен жүргізілетін болады. Қоғамдық бақылау картасын қалыптастырудың қарапайым тәсілдерінің бірі ретінде әлеуметтік желі таңдалып отыр. Бұл үшін департаменттің «Whats app» және «Telegram» мессенджерлері мен «В Контакт», «Facebook» және «Instagram» әлеуметтік желілерде ақауаттары, сонымен қатар департаменттің колл-орталығы құрылды.

Азаматтар мессенджер арқылы тек суреттерді емес, бейне-материалдарды да жібере алады. Қоғамдық бақылау картасын азаматтарға арналған «Qamqoq» қосымшасы арқылы жүргізу жоспарлануда. Ал, аудандарда құрылған арнайы мониторингтік топтар арқылы жүргізілетін болады.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

ҮНДЕУГЕ ҮН ҚОСУ

БАЙЛЫҚ – БАЙЛЫҚ ЕМЕС, БІРЛІК – БАЙЛЫҚ

Елбасының Парламент палаталарының бірлескен отырысында жаңа әлеуметтік бастамаларын жариялай отырып, қазақ халқының өмірлік тәжірибесіндегі «бірлік» ұғымының манызына тоқталған тұсын тебіреніспен тыңдадым.

Тарихқа жүгінесек, қазақтың бірліксіз тірлік қылғанда ғана қапыда қалғанын байқаймыз. Сондықтан өткеннің ашы сабағын әрдайым жадында тұтқан ақсақалдар, билер, хандар ел ішіндегі ақынған дауға қатысты шешім қабылдағанда ең алдымен ел бірлігіне сына түспеу жағына баса көңіл бөлген. Ізіне «Бірлік болмай, тірлік болмас», «Бірлік түбі – береке», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Тозған қазды топтанған қарға жейді» деп келетін жүздеген мақал-мәтел қалдырған.

Ел болудың бірден-бір алғышарты – адамдар арасындағы түсіністік пен бірлік, ынтымақ пен

сыйластық. Бұл ұғымдардың мәні мен манызы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғыдан да арта түсті. Ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибе этностардың татулығы мен келісімін нығайтуға жұмсалды. Бүгінгі бір шаңырақ астындағы баянды гүмбір кешуімізге тастай тұтастығымыз, бағталаса бұзылмас бірлігіміз қызмет етті.

Елбасының, әсіресе, ел мен жердің иесі қазақтың бірлігі туралы пайымы азаматтарға жауапкершілік жүктеуі тиіс. Алауыздық, жүзге, руға бөлініп бытырау, жершілдік әдеттер – бірліктің жауы. Бұл дерт, әсіресе, жас ұрпақтың бойына жұқпаса екен. Әлемнің озық мемлекеттерімен тереземіз тең болу үшін жасалып жатқан қадамдардың барлығы бірлікпен жұмыс істегенде ғана берекелі болмақ.

Ахат ЖАНАЕВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

БАСПАНА АЛУДЫҢ ШАРТТАРЫ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Елбасының 5 әлеуметтік бастамасы қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Соның ішінде әсіресе «7-20-25» бағдарламасының маңыздылығын айтып жатудың өзі артық. Үй адамның тұрмыс-тіршілігіндегі ең басты қажеттілік деп санайтын болсақ, Президент ұсынып отырған жаңа бағдарлама тұрғындардың баспанға қолжетімділігін бұрынғыдан да жеңілдетіп түспек.

Соңғы жылдары елімізде тұрғызылған баспана бойынша рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізілуде. Солай бола тұрса да баспанға мұқтаж жандар әлі де жеткіліксіз. Енді «7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотекалық несиенің жылдық мөлшері 7 проценттен аспайды. Ал алғашқы жарна бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл, 20 процент ғана. Сонымен бірге оның мерзімі 25 жылға ұзарғандықтан ауыртпалығы да аса байқалмайтын болады. Сөз жоқ, бұл бағдарлама өз кезегінде тұрғын үй құрылысының жаңа серпінімен дамуына дем береді.

Осы ретте біздің облыс басшылығы да өңір тұрғындарының әлеуметтік осал тобын мейлінше қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуді мақсат етіп, 3 жылға есептелген «Орда» тұрғын үй құрылысының

«жол картасын» әзірлегенін атап өткен жөн. Несиелік тұрғын үйдің көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі аз қамтылған топтарының барлығына бірдей қолжетімді еместігін ескеріп, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынып жатқан үйлерді жергілікті бюджет есебінен сатып алуға жыл сайын облыстық бюджеттен 2 млрд теңгеден қаржы бөлу туралы шешім қабылдады.

Сыр өңірінде баспана құрылысы жыл өткен сайын өрістеп түсуде. 2017 жылы 1983 пәтерге арналған 47 көпөтерлі тұрғын құрылысы жүрсе, соның ішінде мемлекет қаржысы есебінен 1600 пәтерлік 36 үй пайдалануға берілді. Ал облыс әкімінің 2018 жылға арналған іс-жоспарында барлық қаржы көздерінен 576 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру міндеттелген.

Бір сөзбен айтқанда, Елбасының бес бастамасы елдегі миллиондаған адамдардың мүддесімен үндесті.

Арнұр НҰРМАҒАНБЕТОВ,
облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары.

ҰТЫМДЫ БАСТАМА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ұжымы Елбасы үндеуіндегі «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» бастамасы бойынша алдағы уақытта біршама салмақты міндеттерді жүзеге асыратын болады. Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында 530 мыңнан астам жастар білім алып жатса, олардың 30 проценті – мемлекеттік білім гранты иегерлері.

Президент білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін тиімді шараларды ұсынды. Алдағы 2018-2019 оқу жылында жыл сайынғы бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 20 мың білім гранты бөлінбек. Оның 11 мыңы техникалық, инженерлік, робототехника, нанотехнология, IT саласындағы мамандықтар бойынша игерілетін болады. Демек, білім беру жүйесінде сұранысқа ие мамандықтар басым бағытпен оқытылады. Өрине, бұл жердегі басты мақсат – төртінші өнеркәсіптік революциялық жағдайында нарық сұранысына сай мамандарды барынша көбірек даярлау.

Бүгінде біздің университетте облыс әкімінің білім гранты негізінде 428 студент, олардың дені техникалық мамандықтар бойынша білім алуда. Биыл оның 145-і оқу бітіреді. Оған қоса Ресейдің озық техникалық университеттерінде 500-ге жуық қызылордалық түлектер жаңа дәуірдің сұранысына сай мамандықтарды игеруде.

Сонымен бірге техникалық, ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша жоғары оқу орындары гранттарының құнын ұлттық жоғары оқу орындарының гранттары деңгейіне дейін көтеру де Елбасы

БРИФИНГ

ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП ЖОБА

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Абзал Мұхимов «Қоғамдық бақылау картасы» жобасын таныстырды. Бұл бастаманың мәні мен тұжырымдамасы қарапайым әрі түсінікті.

– Жобаның басты мақсаты – жол құрылысы, әлеуметтік объектілердің құрылысы, қоғалдандыру және өзге салаларда қоғамдық бақылау орнату. Елбасының тапсырмасына сәйкес, 2018 жылдан бастап ауылдық елді мекендердің өздерінің дербес бюджеттері құрылып, жұмыс жасауда. Облыста осы бағытта 65 ауылдық елді мекендердің өз бюджеттері бар. Ал, осы қоғамдық бақылау картасы жобасы бойынша осы ауылдық елді мекендерде құрылған бюджет қаржысының мақсатты жұмсалуды қадағаланады, – деді А.Мұхимов.

Мониторингтік топ басшысы Анар Ізденнің айтуынша, жоба аясында бақылау үш

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

ЖИЫН

САПАЛЫ АУЫЗСУ ӘРЫР ҮЙГЕ ЖЕТУІ ТИІС

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен облыс тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бойынша комиссия отырысы өтті. Онда ауызсудың сапасы, аталған салада атқарылатын жұмыстардың барысы, алдағы міндеттер талқыланды.

Облыс тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. 2002-2010 жылдар аралығында республикалық «Ауызсу» салалық бағдарламасы іске асырылды. Бағдарлама негізінде аудан орталықтары мен елді мекендерін сумен жабдықтау жүйелерін күрделі жөндеу, жанарту жұмыстары жасалды. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медеет Усаин атап өткендей, 2011 жылы Елбасы Жолдауында орталықтандырылған ауылдық елді мекендер санын 80 процентке жеткізу тапсырмасына сәйкес, 2011-2020 жылдарға арналған «Ақбұлақ» бағдарламасы қабылданды. 2015 жылдан бастап бірқатар салалық бағдарламалар ықшамдалып, 2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасына біріктіріліп, жалғасын тапқан. Бүгінге дейін бағдарлама арқылы 38 елді мекеннің су жүйелері жанарды.

Қазір қалалық елді мекендер 100 процент ауызсумен қамтылған. Ал өңірде барлығы 260 ауылдың 199-ы топтық су құбырлармен скважиналар арқылы орталықтандырылған су жүйесіне қосылған. Республика бойынша бұл көрсеткіш ауылдар санымен 56, халық санымен 80 процентті құрап отыр.

Тұрғындарды сумен қамтамасыз ету «Нұрлы жол», «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламаларының аясында жүзеге асуда. Мәселен, 2016 жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қала орталығы мен бірқатар аудандарда су желілерін жөндеуден өткізуге қатысты 5 жоба қаржыландырылды. Нәтижесінде, сапалы ауызсумен қамтамасыз етілетін су ұңғымасы салынды. Бұл жұмыстар өткен жылы да жалғасын тапқан болатын.

Сумен жабдықтау жүйесіндегі жетістіктердің бірі ретінде «Арал» СЖКБД филиалы елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жұмыстарын қолға алған. Қазіргі таңда «Арал-Сарыбұлақ», «Жиделі», «Октябрьский» топтық су құбырлары арқылы Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиелі аудандарына қарасты ауылдар сапалы ауызсумен қамтамасыз етілген.

Бүгінде 10 елді мекенді сумен жабдықтау жүйесінің жобасметалық құжаттары әзірленуде. Оның ішінде бөсеуін топтық су құбырына қосуға мүмкіндік бар. Олар – Арал ауданындағы Ақбасты, Токабай, Аобай және Жаңақорған ауданындағы Кеңес, Құттықожа ауылдары. Аймақтағы 25 елді мекен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен, орталық ауызсу жүйесінен алыс және халық саны 50 адамнан кем болғандықтан, оларға ауызсу жүйесін жүргізу экономикалық жағынан тиімсіз. Бұл орайда заңға сәйкес, аталған елді мекендер есептен шығарылады. Айталық, Арал ауданындағы Көне Бөгенде адам саны аз болса, 96-бекетте мүлде адам тұрмайды. Үш-төрт үйлі 101, 102-ші елді мекендер теміржолдан су тасып, күн көруде. Қармақшыдағы Ордабасы және Шошқақөл де осы қатарды толықтырады. Сондықтан аталған елді мекендерді есептен шығару ұсынылды.

Аймақ басшысы әкімдерге елді мекендерді онтайландыру бойынша тиісті шешім қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, ауызсу сапасының біршама төмендегенін айтып, тиісті мекемелерді сыңға алды. «Ауызсу жүйесінің сапасыздығы апаттық жағдайдың жиі тіркеліп, одан кейінгі залалсыздандыру жұмыстары талапқа сай жүргізілмеуінде болып тұр» дейді жауапты мамандар. Бытырғы жылы 475 апатты жағдай тіркелген. Соның он жағдайында ғана залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген. Жиында ауызсудың сапасыздығынан туындаған жедел-ішек ауруларының қай аумақта таралғаны да баяндалды. Тиісті мекеменің жұмысы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын болғандықтан, аймақ басшысы аталған мәселені жедел шешуді тапсырды.

Сондай-ақ, аймақта бірыңғай операторлардың оң нәтижесі байқалады. Жиында аудан әкімдері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қысқаша баяндалды. Облыс әкімі тұрғындардың сапалы ауызсумен қамтылуына әкімдер жауапты екенін баса айтып, елді мекендерді ауызсу және аяқсумен қамту, су жүйелерін жаңғырту бойынша нақты шаралар жасауды тапсырды.

Айдана ЖУМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

**Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 3 наурыздағы
№ 1058 қаулысы**

**«Қызылорда облысының табиғи ресурстар
және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы»**

**Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы 4 шілдедегі № 516 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 4 шілдедегі №516 қаулысына («Сыр бойы» және «Қызылордаиқкиске вести» газеттерінде 2016 жылғы 8 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

17-тармақта:

«18) мемлекеттік орман қоры үчаскерлерінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады»;

«53) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді»;

«57) облыс аумағында орналасқан халықаралық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру бойынша конкурстар өткізеді»;

58) жануарларды, оның ішінде жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және бұландырау жөніндегі, сондай-ақ қолдан өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастырады»;

мынадай мазмұндағы 90-2), 90-3), 90-4) және 90-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«90-2) өздерінің ведомстволық бағынысындағы орман мекемесінің нышанын (эмблемасы мен жалауын) бекітеді»;

90-3) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың үчаскерлерін кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, қолда тауарлы балық өсіру шаруашылығын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындарына және (немесе) үчаскерлерге жатқызу өлшемшарттарына сәйкес кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, қолда тауарлы балық өсіру шаруашылығын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) үчаскерлер бөлінісінде жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) үчаскерлерінің тізбесін бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді»;

90-4) облыс аумағында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер мен жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді»;

90-5) резервтік қордың балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) үчаскерлерінде балықтардың қырылу қаупі туындаған жағдайларда уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің шешімі негізінде мелiorациялық балық аулауды ұйымдастырады»;

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Кожинайзкова жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қызылорда облысының
әкімі**

Қ. Көшербаев

1-бет

Сексеннің сенгіріне шыққан Сабытхан қажы Сайфумаликов сан сапалы кәсіптің басын қосып, нәтижелі еңбектің үлгісін көрсетуде. Атшаптырым ауласы болмаса да, шағын ғана үй іргесінен кешенді сауда кластерін дамытып отыр. Яғни, «Мөлдiр» көтерме сауда орталығы мен кондитерлік өнім цехы, екі бiрдей наубайхана, печенье цехы, есік-терезе жасау орталығы, тігін ательесі халық сұранысына сай қызмет көрсетуде. Осындай онға жуық кәсіптің шйрайын келтірген қарт кәсіпкер әлі де қуатты.

Есепке жүйірік ел ағасы Сабытхан қажы кезінде «Халықтың тұрмыс қажетін өтеу комбинатында» бас есепші болып қызмет етеді. Кейіннен 90-шы жылдардың соңындағы тоқырауда бұл комбинат жекешелендіру саясатына ілінеді. Үш кісі болып акциясын немленген Сабытхан қажы «Сәуле» мекемесін құрады. 2000 жылы жекеге бөлініп шығып, «Рабиға» халыққа қызмет көрсету орталығын ашып, басшылық етеді. Үш жыл бойы шаштараз, тігін цехы, аяқ киім шеберханасы сынды халықтың қажетіне жарайтын шаруашылықты кәсіп етеді.

Ал, 2003 жылдан бастап, марқұм апамыз Талшын Ахметқызы екеуі нарық талабына сай, жеке кәсіпкерлікке ден қояды. «Бісімілмәмен» басталған істе береке бар» деп, әуелі азық-түлік дүкені мен тігін шеберханасын іске қосады. 2003 жылы ауданға құрметті қонақтар келетін болып, аз күнде сапасы жоғары 150 шапан тіккенін әлі ұмытпайтынын жеткізді қария.

– Дана қазақ: «еңбекпен тапқан нан тәтті» дейді. Бұл нақылдың астарында таудай мағына жатыр. Тоқырау жылдары түн ұйықтамай, күн ұйықтамай бала-шаға қамы үшін еңбек еттік. Кейіннен нарықтық заманға бейімделіп, кәсіпкерлікке ден қойдық. Бүгінде біздің азық-түлік пен нан өнімдерін Төменарық, Сунақата ауылдары мен Шиелі ауданының 2 дүкені алып отыр. Сыр беткейде Жаңарықтан бастап, Түсікенте дейінгі аумақта тұрақты тұтынушымыз бар. Басты ұстаным – бәсекеге сай өнім шығару. Себебі, Елбасы отандық өнімді қолдауға айрықша назар аударуда. Халыққа арнаған Жолдауында қазақстандық өнімнің сапасын арттырып, оның негізгі төрт қасиетін де атады. Олар: сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан болуы керек. Сонда ғана біздің азымыз өтімді болып, сырттан бізді ешкім жарылқамайтыны айтылды. Міне, біз осы бағытта істі ілгерілетуді жолға қоюдамыз, – дейді 82 жастағы кәсіпкер.

Негізгі тамақ өнімдері ішіндегі ең тиімдісі – нан пісіру. Өйткені, тұтынушылар тарапынан нан өніміне деген сұраныс қашан да жоғары.

– 2015 жылдан бастап наубайхана цехы іске қосылды. Онда екі ауысыммен 8 адам жұмыс жасайды. Күніне 15-20 кап нан пісіреді. Бұдан шыққан нан өнімін кент аумағындағы 14 сауда нүктесіне таратамыз. Ыстық нанды уақытылы тарауға арнайы жүргізуші мен жеке көлігіміз бар. Оған қоса, халық тарапынан тандыр нанға сұраныс болғандықтан, алашапанды ағайынды жалдап, тандыр нан жабуды қолға алдық. Сондай-ақ, өткен жылы нан өнімін шығаратын цех пен 2 тігін ательесін іске қостық. Мұнда күніне төрт түрлі печенье өнімін 3 жұмысшы пісіруде. Ал, тігін цехында 1 киім пішуші, 3 тігінші тұрақты жұмыс жасап жүр. Олар тұрмысқа қажетті көрпе-көрпешеден бастап, қыз жасауларының барлық түрін тігеді. Келешекте осы кәсіп түрін кеңейтіп, костюм-шалбар, мектеп формасы сынды киімдерді тігуді қолға алу жоспарда бар, – дейді кәсіпкер.

Әңгіме арасында Сабытхан Сайфумаликов қазіргідей көктемнің шуақты мерекесі күндері қарсаңында кондитерлік өнімдерге деген сұраныс күрт артатынын жеткізді. Әсіресе, төрт өнімдеріне халық 2-3 күн бұрын тапсырыс беріп қоятыны белгілі. Жұмысшылардың



барлық жағдайын жасаған кәсіпкер жалақының уақытылы берілуін басты назарда ұстайды.

– Өзім бұл наубайханада жұмыс жасап жүргеніме біршама уақыт болды. Жалақы уақытылы беріледі. Қашанда тұрғындардың талғамынан шығатын нан өнімдерін пісіруді өзімізге міндет санаймыз. Басшымыз Сабытхан ата әкеміздей болып кеткен. «Береке үлкендерде» деген рас қой. Үнемі қуанышымызға ортақтасып, қиыншылықта қолдау көрсетіп, аталық ақылын аяған емес, – дейді наубайхана жұмысшысы Арзығұл Ақбарова.

Сондай-ақ, печенье өнімін шығаратын цех қызметкері Ақниет Жұмабаева да кәсіп иесінің адалдығы мен қамқорлығына алғашқы алғысын жеткізді. Келін Шакида Сәурарова да отбасылық бизнестің көрігін қыздырып, азық-түлік дүкенінің шаруасын ширатып отыр.

Иә, 30-ға жуық адамды жұмыспен қамтып отырған жаңақорғандық кәсіпкер шаруашылығының барлық есеп-қисабын өзі жүргізеді. Өйткені, отызжылдық бас

есепші деген еңбек өтілі бар. Мемлекеттік кірістер басқармасына төленетін салықтар мен есебін әлі күнге өзі дайындап, есептесіп отырады. Тірлігі тиянақты қарияның жұмысы да жеңіл емес. Себебі, өзі жетекшілік ететін «Мөлдiр», «Шакида», «Жасмин» дара кәсіпкерлігі мен 8 бірдей сауда нүктесін жалға беріп отырған іскер ағамыз есептен еш жанылмауды көздейді. Сексеннен асқан қария өмірде сергек болуыма бес уақыт белімді бүгіп, Жаратқанның алдындағы құлшылығымды тастамайтын себеп дейді. «Жомарт бергенін айтпайды» деген бар. Десе де, төрт мәрте қажылық сапарын өтеген Сабытхан қажыдан өзге кәсіпкерлерге үлгі ету мақсатында қайырымдылық шараларына қаншалықты жақын екенін сұрадық.

– Дана қазақ «садақаны сауында бер» дейді. Бұл – менің өмірлік ұстанымым. Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» мен «Құм сахаба» мешітімен тығыз байланыстамын. Осы мекемелер арқылы атаулы мереке мен түрлі шараларда тұрмысы төмен отбасы балаларына қаржылай және

материалдық қолдау көрсетіп тұрамын. Мәселе, байлықта емес. Қолында барға қанағат етіп, қашанда қайырымдылық іске қарекет жасау керек. Садақаның үлкен-кішісі болмайды. Барыңмен бөлесу – ол да бір жомарттық. Оған қоса, қазір дамыған дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Тоқшылық заман. Бейбіт өмір. Қай шаруамен айналыссаң да, ерік өзінде. Кәсіппен айналысамын десем, мемлекет барлық жағдайды жасап қойған. Күнінді көруге мүмкіндік мол. Менінше, тамыр тартқан тарықпайды, ұқсата білген ұғалды. Сондықтан азаматтық белсенділік пен елге еңбек сіңіру парызын жоғары қою керек, – дейді Сабытхан Сайфумаликов.

«Адал еңбекпен мал іздемек арлы адамның ісі». Қазақтың бұл даналық сөзі өзінің өміршеңдігін көрсетуде. Еңбектену қашанда берекет пен ырзықтықын бастауы. Ал, адал кәсіп жасау – адам болмысының туған жер, өсіп-өнген өлкесіне деген азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Қашанда елім деген азаматтың ертеңі жарқын, болашағы айқын. Мұны өмірдің өзі дәлелдеуде. Яғни, елінің үмітін, халқының сенімін арқалаған арда азамат ғана тығырықтан тарықпай шығып, тындырмалы тірлігімен биік белесті бағындырады. Бастысы, кәсібіне адал. Еңбектенуге жаны құмар. Міне, осындай ізгі қасиеттерді бойына жинаған Сабытхан қажының еселі еңбегі өскелең жастарға өнеге. «Қырық жыл елге еңбек еттім. Ендігі бейнәтімнің зейнетін көремін» деп жата-жастанбай, керісінше сан түрлі тірліктің басын қосып, кәсібін дөңгелентуде. Оған қоса, кент орталығындағы «Ипподром» мөлтек ауданынан қос қабатты сауда орталығының құрылысын бастағанын жеткізді. Түйіндей айтқанда, Елбасы Жолдауында: «Шағын бизнес – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс» деген болатын. Осы ұстанымды берік ұстанған Сабытхан қажы отбасылық кәсіпті дамыта отырып, отандық өнім көлемін еселейтүсуге барынша бел буып еңбек етуде.

Әбдісамат ӘБДІШ,
журналист.
Жаңақорған ауданы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Назар аударыңыздар! «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесі, 76 мекен-жайындағы сатып алу құқығымен жалға берілетін пәтерлердің өткізгілі басталғанын жариялайды. Өтінімдер 2018 жылғы 14-30 наурыз аралығында www.fhs.kz веб-сайтында қабылданады. **Анықтамалар үшін: 8-800-8000-111.**

ХАБАРЛАМА

120001, ҚР, Қызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 13, телефон 8 (7242) 26-10-53 мекен-жайында орналасқан «ПетроҚазақстан Құмқол Ресорсіз» АҚ «Құмқол кен орнының №214 келісім-шарт аумағындағы өңтүстік-шығыс бөлігін сынамадан пайдалану жобасы» құжатының «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау» жобалық құжатын мемлекеттік экологиялық сараптамадан өкізуге 120008, ҚР, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 150, телефон 8 (7242) 23-02-44 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысы бойынша Экология департаментінің қарауына ұсынылатындығын хабарлайды.

Барлық сұрақтар бойынша төмендегі адреске хабарласуға болады: Жазира Калемова. e-mail: zhazira08@mail.ru тел: 8-7172-30-40-17.

Облыстық перинаталдық орталық ұжымы орталықтың ардагер дәрігері

Асауова Гүлжахан
Қыпшақбайқызының
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

2018 жылдың ІІ тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасының және комиссия мүшелерінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі				
Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты, жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Мұбаракөв Қамбарбек Амангелдіұлы	Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы	Сәрсенбі Сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Облыстық мекемелер үйі, Каб №136 а	60-54-66
Сатлабаев Мирамбек Ахметұлы	Комиссия мүшесі	Дүйсенбі Сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Каб №136 б	60-54-62
Ильясов Талғат Ибрагімұлы	Комиссия мүшесі	Сейсенбі Сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Каб №132	60-54-64
Садүақасова Айгүл Аманхановна	Комиссия мүшесі	Бейсенбі Сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Каб №134	60-54-65
Мусабеков Роман Темірбекович	Комиссия мүшесі	Жұма Сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Каб №133	60-54-63

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметі және сабылсыз жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл туралы Заннамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдел» кодексі талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу

ХАБАРЛАМА

«Қолжан» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Солтүстік Батыс Қызылқия кенішіндегі №№228, 229, 230 және №47 ұңғымаларды электрмен қамту» және «Солтүстік Батыс Қызылқия кенішіндегі №№113, 239 және №114 ұңғымаларды электрмен қамту» жобалары жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. **Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылдың 3 наурызындағы уйғарымымен «Торгово-промышленная компания «Алагер» ЖШС-на (БСН 060440012662) оңалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үй.



www.syrboyi.kz

SAN SALA

6

№37 (19520)
8 наурыз, бейсенбі
2018 жыл

«ҚАЙСАР»: БИЫЛҒЫ МАУСЫМ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК



Сейсенбіде «Қайсар» футбол командасының таныстырылымы өтті. Бұл маусым бұрынғыдан басқа, жылдағыдан өзгереді. Биыл жанкүйерлердің жүрегінен орын алған «Қайсарға» жарты ғасыр толады. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жанкүйерлерді жаңа маусымның басталуымен құттықтап, спортшыларға сәттілік тіледі.

– Биылғы маусымда «Қайсардың» намысын қорғайтын футболшыларға үлкен жауапкершілік артылмақ. Өйткені, биыл Қызылорда футболы жарты-ғасырлық мерейтойын атап өтеді. Сонымен қатар, Астана қаласының – 20, Қызылорданың 200 жылдық мерейтойы басталып кетті. Осы айтулы датада ойыншыларымыз бізге үлкен сый жасайды деген үміттеміз, – деді облыс әкімі.

Өткен маусымда «Қайсар» командасы өз міндетін жақсы орындап, чемпионатта алтыншы орынды иеленген болатын.

Биылғы жылғы басты міндет – өткен жылғы көрсеткіштерді жақсарту. Облыстың бас командасы кем дегенде, бесінші орынға тұрақтауы керек. Өткен

маусымда команда намысын қорғауда жерлесіміз Мақсат Байжановтың еңбегі зор болды. Биылғы маусымда қос бірдей жерлесіміз – Асхат Тағыберген мен Дәуренбек Тәжімбетов туған елге оралды. Қызылордалықтардың «Қайсарда» ойын көрсетуі жанкүйерлер үшін де, жас футболшылар үшін де маңызды.

Шарада футболшылардың шетелде жаттығу сәттерінен бейнероликтер көрсетіліп, жаңа киім үлгілері таныстырылды. Футболшылардың жігерлі, жеңіске құштар, сенімді екенін байқаған ел де қошеметін аямады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».



Құрметті ханымдар!



Сіздерді бүкіл дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген көктемнің шұғылалы мерекесі, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Ардақты арулар, көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізге нұр шашсын. Өрқашан шаңырақтарыңыздың берекесі болып, үйіңізден жылылық кетпесін. Жер бетіндегі барлық жаксылық пен ізгілік, қайырымдылық пен мейірімділік анаңыз ақ сүтінен таралады. Заманның тыныштығы мен елдің амандығын тілеп жүретін қыз-келіншектеріміз бен асыл аналарымыз аман болсын! Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, отбастарыңызға береке-бірлік тілейміз!



Құрметпен,
«Қазгермұнай» БК» ЖШС
бас директоры

Жэнь Лисинь

«Қазгермұнай» БК» ЖШС
бас директорының
бірінші орынбасары

Е. Қайржан



ӘН ӘЛЕМІ

«Тауһартас» – СЫР СҰЛУЫНА АРНАЛҒАН ӘН

«Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.
Анаңнан сені тапқан айналмайын,

Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай», – деп басталатын әйгілі «Тауһартас» әнін көпшілік жақсы біледі. Бұл – жазушы Дулат Исабековке көркем шығарма жазуға сеп болған, шабыттандырған, қанаттырған ән. Қазақтың алғашқы ғарышкері Токтар Өубәкіровтің көңіл түкпіріндегі сағынышын басқан, Ұлы далаға деген махаббатын еселей түскен туынды.

Тауһартастың қаншалықты бағалы екенін біз айтпай-ақ қояйық. Бірақ, халық мұрасына айналған қазына өмірге қалай келді? Ол кімге арналды? Қай жерде шықты? Міне, мәселе қайда жатыр.

Ән тарихын зерттеген мамандар бұл өлеңді Сегіз серінің екенін айтады. Бұл кісі әрі батыр, әрі ақын, әрі композитор болған өз заманының озық ойлы адамдарының бірі еді. Ол жайында Бексұлтан Нұржекеұлы: «Сегіз 1818 – барыс жылында наурыз айында туып, отыз жеті мүшел жасында қайтыс болған. Аз жасаса да, алыптың ісін атқарып кеткен адам. Ол алғаш әні «Назқоңырды» Мұқарамасұлға арнап 15-16 жасында шығарған. Өзінің өлеңдері мен замандастарының айтуына қарағанда, оған Сегіз сері деген ат өте ерте қойылған. Ол он жасында Омбы медресесіне барып, онда алты жыл оқыған. Орысшаны оқытушы жалпад үйренген. Мен атақты батырлардың, әйгілі адамдардың ұрпағымын деген ұғым оны бала кезінен баулыған. Сондықтан ол өзінің жүріс-тұрысына, ісі мен сөзіне жас кезінен жауапкершіліктен қараған. Соның нәтижесінде Омбыдағы медреседе оқығанға дейін-ақ ол домбыра шертіп, қобыз тартып, садақ атып, найза түйреп үйренген. Батыр бабаларына ұқсап киініп, бес қаруын асынып жүретін болған. Сондықтан оған «Сегіз жасар сері», «Сегіз қырлы, бір сырлы бала» деген сөздің екеуі де жарасымды еді. Мұхаммед-Қанафия атынын айтыпмай, Сегіз сері деген атау оған ерте берілді осы екі сөздің бір арнада тоғысуынан да болған шығар деп ойлаймыз. Өйткені, ол медресе қабырғасында жүргенде-ақ солай аталған деген ойын білдіреді. Жазушының «Айқын» газетінде жарық көрген осы мақаласында оның әкесі Баһрам жайында көп айтыла бермейтіні тілге тиек етіледі. Дегенмен, баласының атын Мұхаммед-Қанафия деп

қоюына қарағанда, өзіндік білімі бар, ата жолын ардақтаған азамат екені көрініп тұр. Атасы Шақшақ та батыр болған. Оның Қаншайым деген қызынан әйгілі жазушы Ғабит Мүсіреповтің анасы туған. Демек, Сегіз сері – Ғабенің нағашы жұрты. Жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Ерлігің Исатидың жығра қосқан», Нәбиден Өбүтәліевтің «Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов», тарих ғылымдарының докторы, профессор Зұлкарнай Алдамжардың «Тарих: пайым мен тағылым» атты еңбектерінде Сегіз серінің атасы Шақшақтың шешесі Ақбота әйгілі Сырым батырдың туған апасы деген мәлімет келтіріледі. Демек, ол да Даттың қызы. Бұл деректерге қарағанда Сегіз сері өзін «атақты батырлар мен әйгілі адамдардың ұрпағымын» деуі заңдылық.

Өңгіменің ауанын «Тауһартас» әніне қайта бұрайық. Сегіз сері Баһрамұлы Сыр бойын мекен еткен Бақтияр деген кісінің Мақпал атты қызына ғашық болған. Оның бұл сұлуға арнап шығарған бірнеше шығарылған ән секілді. «Алып қашып кетуге келер шамам» деп, қызға өзінің түпкі ойын түгел ашады. Бұдан серінің қызды құлай сүйгенін аңғару қиын емес. Ғашық сері Мақпалға әйгілі «Тауһартас» әнін арнайды. Б.Нұржекеұлы: «Бұл ән – адам шығарды деуге қимайтын ән. Өлдебір құдірет адам түсінбейтін әсермен тулдара салғандай. Ол құдірет, әрине, ғашықтықтың құдіреті. Ауыздан шыққан сөз қандай, жүректен төгілген әуен қандай?!» – деп өз бағасын береді. Мақпал сұлуудың әдемілігіне қарақалшақ Жабы деген де тәтті болып жүреді екен. «Қызыңды маған бер!» деген Жабы Бақтияр байдың әбден мазасын алады. Ақыры Дәуқара деген досымен бірге Мақпалды алып қашады. Оны естіген Сегіз сері оларды қуып жетіп, жекпе-жекке шығады. Махаббат үшін

болған шайқаста Сегіз мықтылық танытады. «Маған бұйырмаған сұлу саған да бұйырмасын» деген Жабы Мақпалды садақпен атқан екен. Жекеден қатты жараланған Мақпал ауылға жетемін дегенше қайтыс болады. Бұл туралы Нұржан Наушабаевтың «Сегіз сері баһадүр» дастанында айтылған. Ол Жабы мен Дәуқара екеуін де Сегіз найзамен шаншып өлтіргенін баяндайды.

Мақаланы жазу барысында көптеген мәліметтерді пайдаландық. Тіпті, тың деректерге дейін ден қойдық. Қазақ ғылым академиясының М.Өүезов атындағы Жанақорған ауданындағы Екіпінді ауылының тұрғыны Бекен ақсақалмен кездесіп, көптеген мәліметтер жазып алғанын аңғаруға болады. Осы кісі айтты деген бір әңгімеде Сегіз сері мен Мақпал сұлуудың оқиғасы баяндалады. Тіпті, Жанкісі жырау қос ғашықа арнап дастан шығарған.

Ел арасында «Тауһартас» халық әні деп те айтылады. Осы тұста мына бір деректерді алға тартқым келеді. Мақпалдан айырылған Сегіз Рысбекі есімді қызбен бас қосады. Осы Рысбекі апамыздың үйіне барып, бес ай бойы бүкіл шығармасын көшіріп алған Нұржан Наушабаев: «Найманда Бақтиярдың қызына арнап, Шығарған көпке әйгілі «Мақпал» әнін», – деп жырласа, «Дәл үш жыл Сегізге шәкірт болдым», – деген Жазу Мұса «Ер Сегіз» дастанында: «Шығарған Мақпалға арнап «Тауһартасты», – деп тебіренеді. Сегізбен дәмдес болған Шыңияз Жұбайұлы: «Шығарған Мақпалға арнап «Тауһартасты», Балықтан өлеңіммен тауды, тасты», – деп кестелі сөзбен өрнектейді.

Бұл айғақтарда «Тауһартастың» Сегіз серінің әні екені анық көрініп тұр. Бұдан артық дәлелдің қажеті де жоқ шығар. Қалай десек те, Сыр бойында өмірге келген, Сыр сұлуына арналған әннің халық мұрасына айналғаны шындық.

Әзіз БАТЫРБЕКОВ,
«Сыр бойы».

ҰЛТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Мәдениет – жұртшылықтың қалыптасқан өмір салтына байланысты барлық адамға тән, өмір туралы көрініс беретін құндылықтар жүйесі. Демек, мәдениет пен құндылық бір-біріне алыс емес.

Әлбетте, қазіргі қоғамда жалпыұлттық мәдениетіміз дамып, жанаша көзқараспен ұштасып, салт-дәстүріміз де жаһандануда. Біз де жас ұрпақты өз халқының салт-дәстүрін сақтауға және өмірмен байланыстыруға, ынталандыра түсуге тиіспіз. Өйткені, адамның дамуы мен қалыптасуына әлеуметтік ортадағы қарым-қатынастар әсер етеді. Осыны ескерсе отырып, біз әрбір өтілетін іс-шараға өз салт-мыздың әдемі де көркем тұстарын заманауи түрде енгізіп отыруымыз қажет.

Қазақ ұлтының салт-дәстүрі, мақал-мәтелі, ырым-тыйымдары – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылықтар. Қайсы-бірін алсаңыз да ізгілікке, жақсылыққа, шеберлік пен өжеттікке, тектілікке тәрбиелейді. Мысалы, халқымыз барлық дәулетін, малы мен барын «тойға бұйырсын» деп жинайды. Күрсак шашу, шілдехана, тұсауқесер, сүндет той, қыз ұзату, келін түсіру – осылардың бәрінің өзіндік мән-мағынасы, өз тәртібі, өз сыйластығы, бәрі-бәрінің тәрбиелік мәні бар.

Халқымыз қай нәрсені де тез үйреніп, игеріп кетеді. Бұл ұлттың ерекше қабілетін паш етеді. Бірақ, жақсы мен жаманды айырып, өз салт-дәстүрімізді, дінімізді, тілімізді ұмытпайық. Жеті ағамыздың есімін жаттаған, қаны таза, пейілі кең жұрт едік қой. Осы құндылықтарымызды, рухани мәдениетімізді дамытуға қолданыық.

Эльвира ӨБДІРАХМАНОВА,
№230 орта мектебі КММ
бастауыш пәні мұғалімі.
Арал ауданы, Жіңішкеқұм ауылы.

Газетіміздің келесі саны 13 наурыз,
сейсенбі күні шығады.



Анаңыз көңілі – балада...

© Болат ОМАРӘЛІ.

Мемлекеттік кірістер органы дегенде, ең алдымен, салық өндіруші орган ойға оралады. Бұл дұрыс та. Кірістер органдарының басты міндеті – мемлекеттік бюджет түсімін қамтамасыз ету, соның заңдылығын бақылау және осы бағыттағы құқықбұзушылықпен күресу. Бюджет – халық игілігінің көзі. Осы мақсатта елге қажырлы еңбегін арнап жүрген жандардың бірі – Гүлнар Болатқызы Исаева.

Өткен жылы Қазақстанның он алты өңірі арасында ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, республикалық рейтингте бірінші орын алғанда Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Аудит басқармасындағы әріптестерге «Ат үріккен атынан, еңбегі соған татыған» деп айдар тағып, қалжымен құттықтаған едік. Шынында да, бұл басқарманың жұмысы ауқымды әрі жауапты. Мұнда қателік кешірілмейді. Себебі, салықтық тексерулер деген – терең ғылым. Қазақстан сияқты дамуың қарқынды жолын таңдап, шағын және орта бизнесті белсенді жүргізуді мақсат



Қайсарлық пен нәзіктік

тұтқан ел үшін кәсіпкерліктің заңды жүргізілуін жолға қою күрделі іс.

Гүлнар Исаева – осы саланы еркін меңгерген, сол үшін қайраты мен күшін жұмсаған мықты мамандардың бірі. Ал мықтылар көп болмайды. Гүлнардың өз ұжымында ғана емес, облыстың қаржы саласындағы мамандардың, тіпті ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетіндегі әріптестердің арасындағы беделінен осыны тануға болады. Гүлнарды ерекшелейтін бір қасиеті – оның үнемі дидары ашық, қимылы ширақ. Шаршап тұрғанын немесе мәселенің қиын тұсында тұрғанын ешқашан білдірмейді. Тұлғасында бір биызылық бар. Сонысымен тартымды.

«Талантты адам бар қырынан талантты» деген сөзді дәлелдеген жандардың бірі – осы Гүлнар. Жанақорған ауданындағы Бірлік ауылының зерек оқушысы, көпбалалы отбасының ортаншысы 1999 жылы Қорқыт ата университетін үздік бітірген. Сол жылы облыстық салық комитетіне қызметке шақыртумен келген. Жұмысын сүйіп атқарған жанға жетістіктің жолы әрқашан жақын болады. Көп ұзамай салық аудиті басқармасының бас маманы болды. Аудит әлемінің ерекшелігі мен қызығын танып алған, сондықтан да оның қиын жағы білінбейтіндей. Бүгінде Гүлнар Болатқызы – бөлім басшысы. Өзі осы қызметтің қыр-сырына қанықтырған жандар қатарында Айна Күзембаева, Баян Рысқұмұхамедова, Дарига Әлиева сияқты әріптестерін құрметпен атайды.

2010 жылы Қорқыт ата университетіне екінші рет қабылданды. Бұл жолы тыңдаушы болып барып, екі жылдан соң экономика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алып шықты. Жаңа заңнамалық талаптар бойынша әріптестер

алдында дәріс оқу, теледидардан салық төлеушіге кеңес беру, кәсіпкерлер алдында баяндама жасау – бұл да Гүлнардың бір қыры. Және өте жақсы меңгерген қыры.

Жұмысты ұйымдастырудың өзіндік тәсілін меңгеруде жұбайының ұстанымы мен тәжірибесі де әсер еткен сияқты. Осы салаға келіп кездесіп, бас қосқан жары Абзал Үмбетов те жан-жақты, талапшыл жан болатын. Мақсаты биік азамат өмірден ерте озып кетті. Гүлнардың ішкі қайсарлығын тәрбиелеген өмірдің жыл сынағы осы шығар, бәлкім. Уақыт жыл-дана. Жаңалықтар да, көзқарастар мен пікірлер де тез өзгеріп жатады. Алайда, ұстанымы мен құндылықтарына адал жандар бар. Ішкі беріктік оларға өмірлік қуат сыйлайды.

Қолы қалт етсе, кітап оқиды. Тарихты танытатын әдебиетті таңдайды. Тарихи орындарды аралап, зерделеп жүргенді ұнатады. «Жұмысым – қиын да қызықты. Екінші отбасым деп санаймын. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында кішкентай болса да өз үлесім бар шығар», – дейді Гүлнар.

«Өріне, бар», – дейміз біз. Себебі жұмысын сүйіп, ынтымен атқаратынын білеміз. Басшылық оған сенім артып, жауапкершілік жүктей алады. Жұмысты жүйе ғана орындамайды, табысты орындайды. Арқалаған марапаттары да бір төбе. Облыс әкімінің Алғыс хаты, Комитеттің Құрмет грамотасы, «Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалы... Бұл – Гүлнардың еңбегінің ресми бағалануы. Ал жанында жүрген жандар оны қажырлы тұлға, көркем мінез бен қарымды қабілет иесі деп таниды.

Б.ОРДАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша
МҚД бас маманы.

САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылорда облысы Шилі ауданы Тартоғай және Сұлутобе елді мекендерінің ауыз су жүйесінің жобалау жұмыстарына 2018 жылдың 15 ақпанынан сауалнама жүргізілуде. Қорытынды тыңдау 2018 жылдың 12 наурыз күні сағат: 11.00-де Шилі кенті, Исатай Өбдікәрімов көшесі №11 мекен-жайда өтеді.

Шилі аудандық құрылыс,
сәулет және қала құрылысы бөлімі.

Кезекші редактор Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Меншік иесі



жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және қоректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@gandex.kz / www.syrboyi.kz